

БІЛІМДЕГІ ТҮЙТКІЛ

ҚАРТ ҰСТАЗҒА

Шығыста Марқакөл деген Алтайға әйгілі айдын бар. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында тамсанып суреттейтін жері бұл. Айнадай жарқыраған көл жағасына Ұранқай деген аядай ауыл қонған. Осыдан бір ай бұрын сол төр Алтайға жолымыз түсті. Ауыл әкімі Әлижан Біткенбаев өзі қарсы алып, Алтай тауларының құшағындағы айдын-шалқармен, ұядай Ұранқаймен таныстырған болатын.

ҚАРАҒАН КҮН

Дастархан үстінде ауыл әкімі «Ұранқайда 500-ге жуық тұрғын, 130 түгін тұрады. Халықтың тіршілігі жаман емес. Бірақ біздің болашағымыз — балаларымызға қиын болып тұр. Мектепке мұғалім жетіспейді. Әсіресе, ағылшын тілі пәнінен ақсап отырмыз. Жас мұғалімдерді шақырсақ «Ауылдарыңызда интернет ұстай ма? Кафе-ресторан бар ма?» деген сияқты қызық сұрақ қояды өзіне. Ұранқай — Алтайдың төріндегі ауыл. Мұнда интернет түгілі, қыста аудан орталығы Күршімге барудың өзі қиын. Алтайдың ақ бораны мен қасат қары — өткел бермейтін өкпелі. Жағдайымызды жасырмай, әлгі жастарға түсіндіреміз. Олар бірден бас тартпайды. Басқа пәнді айтпағанда, қазір ағылшын тілінен аптасына 30 сабақ дайын тұр. Бірақ мұғалім жоқ» — деп, мұның шаққан-ды.

Мектепке мұғалім тапшылығы шығыста ғана емес, Қарағанды облысында да бар. ktk.kz хабарлағандай, былтырдан бері жоқтың орнын толтыру үшін мыңға жуық зейнет жасындағы ұстаз қайтадан жұмысқа шақыртылыпты. Өйткені мектептің жұмысы шаш-етектен, жалақысы мардымсыз. Мұндай қызметтен жастар ат-тонын ала қашатын көрінеді. Шенеуніктер жас маманға

жағдайдың жасалып жатқанын жарыса айтқанымен, мәселенің күрделілігін мойындап отыр.

Қарағандылық Гүлнар Мәмежанова №38 гимназияда 1986 жылдан бері бала оқытып келген. Былтыр зейнеткерлікке шығып, аркасын кенге салғаны сол екен, мектеп директоры «оралыңыз» деп жата жалынды. Себебі — маман тапшылығы. Оның айтуынша, мектепке жана келген жас ұстаздың жағдайы күрделі көрінеді. «Таңның атысынан кештің батысына дейін бір бітпейтін қағазбастылық жас мұғалімді шаршатады», — дейді ардагер ұстаз.

Гүлнар Мәмежанованың өзі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің маманы. Ол «Қазақстанның бүкіл мектептеріне жастар келмейді. Өйткені жалақы аз төленеді. Оның үстіне, қазір жастарға мектепте жұмыс істеу өте қиын. Қызықтыратын ешнәрсе жоқ», — деп отыр.

Ал химия пәнінің мұғалімі Еркеназ Жортарова үш тілді жетік меңгерген, таптырмайтын маман. Бір жылдан бері аз жалақыға күн көріп жүріпті. Сондықтан «білім ошағында бұдан әрі қалуға құлқым жоқ» дейді. Еркеназдың айтуынша, оның еңбекақысы 52-54 мың теңге болған. Әрине, бұл үлкен қалада өмір сүруге жетпейді. «Егер мұғалімдерге жақсы жалақы

төленетін болса, онда, мүмкін, мектепке жас мамандардың тапшылығы артатын шығар деген ойдамын», — деп өзінің жұмыстан кету себебін түсіндірген.

Жас ұстаздың айтуынша, өзімен бірге оқығандардың көбі басқа салада еңбек ететін көрінеді. Тіпті қас жасап, тырнақ бояп-ақ мұғалімдерден жағдайы көш ілгері жүргендер бар. Ал білім басқармасындағылар бұл олқылықтың себебін отансүйгіштік сезімнің жоқтығынан, мамандыққа деген махаббаттың аздығынан көруде. Қарағанды облыстық білім басқармасы мамандармен жұмыс бөлімінің басшысы Жанат Жұмагелдина «Педагогикалық мамандықты сүйетін мамандар керек деп ойлаймын мектепке. Сол мамандықты алдына қойып, жақсы ұстаз болам деген алам өз мақсатына жетуі керек», — дейді. Дегенмен, шайлыққа жетпейтін айлықпен жастарды мектепке байлап ұстай алмайтынын да мойындаған.

Халқымызда «Жас келсе, іске» деген сөз бар. Ендеше, зейнет жасындағы қарияларымызды мектепке білім беруге шақыру мәселенің түйінін таратпайтыны анық.

Жарас ШӨКЕ

ОҚШАУ ОЙ

ЖАС МҰҒАЛІМ МЕКТЕПКЕ БАРҒЫСЫ КЕЛМЕЙДІ. НЕГЕ?

Зейнеткер мұғалімді қайтадан жұмысқа шақыру Қарағанды облысында болғанымен, бұл үрдіс еліміздің барлық өңірінде жаппай белен алып жатқан жоқ. Ең әуелі халық саны азайған, орталық және солтүстік облыстардағы жағдай. Жалпы, бұл аймақтарда демографиялық өсім көп емес. Сондай-ақ жергілікті тұрғындардың басқа өңірге көшу,

мәжбүр. Бұл, біріншіден, миграцияның, екіншіден, демографияның азаюынан.

Алматы мен Астана сияқты ірі мегаполистерге жастар ағылып келеді. Өмір сүру, күнделікті қажеттіліктің құны тым қымбат. Ұстаздарға төленетін айлық күнкоріске жетпейді. Жас отбасыға, тіпті қиын. Педагогика саласы бойынша білім алған жас маман оқу бітіргеннен кейін қалада тұрақтап қалса, мектепке емес, басқа саладағы жұмысқа баруға мәжбүр. Себебі тағы да сол мектептің айлығымен өмір сүру, бүгінгі қажеттілікті өтемейді.

Мұғалімге қатысты қоғамда «Өз жұмысына адал берілген, балалар үшін жанын беретін маман» деген сана қалыптасқан. Бірақ біз ең алдымен қазір нарықтық экономикада өмір сүріп жатырмыз. Сондықтан әр адам өзінің өмір сүру деңгейін, өз қамын ойлауға тиіс. Мектептегі жалақының аз екені анық. Жоғары білімді маман өзіне сенімді болғандықтан, ондай

жалақыға, тіпті де жұмыс істегісі келмей, басқа жұмысқа кетеді. Менің де анам мұғалім. Оның айтуынша, соңғы реформаға байланысты толтыратын қағаз көлемі тым көбейіп кеткен. Білім беруден бөлек, қосымша қағазбастылық жұмыс педагогтың белсенділігін төмендетеді. Білім саласындағы бұл түйткіл жалғаса берер болса, білім сапасы төмендейтіні анық.

Серік БЕЙСЕМБАЕВ,

Әлемдік экономика және саясат институтының сарапшысы — әлеуметтанушы

4
ОТАНДЫҚ
ӨНІМГЕ
СҰРАНЫС
МОЛ

6
ШЫҒЫСҚА
ЖАРЫҚ БЕРГЕН
ЖОБА

7
АУЫРЫП ЕМ
ІЗДЕГЕНШЕ...

10-11
ҚАМБАСЫ
ДӘНГЕ, ӨРІСІ
МАЛҒА ТОЛҒАН

on the web
JASQAZAQ.KZ



ірі қалаларға қоныс аудару сияқты себептері бар. Мұның салдары еңбекке қабілетті жастағы денсаулық сақтау мен білім беру саласындағы жас маманның жетіспеушілігін тудырып жатыр. Биыл ғана емес, бірнеше жылдың ішінде айқын көрініс тапқан ең өзекті мәселеге айналуға. Өйткені, бұл аймақтарға жастарымыз көшіп келмейді. Ал жасы келген кісілер зейнетке шығып кетеді. Сол себепті де мектепте жұмыс істейтін ұстаздар жетіспей жатады. Осындай қиындықтан шығу үшін білім басқармасы зейнеттегі ұстаздарды қайта шақыруға



БИРЖАМЕТР


МҰНАЙ (brent)
62,83

DOLLAR
331,61

EURO
393,42

РУБЛЬ
5,69

ҚЫЗЫҚТАН ҚЫЗЫҚТАРЫ



ЛОКАЛИЗАЦИЯ (қазақстандық қамту — ред.) дейміз. Пайыздық көрсеткішін де көрсетіп қоямыз. Жоқ, бұл локализация емес. Ол үшін көлік бөлшектерін өзіміз шығаруымыз қажет. Бізде тек көлік құрастыру ғана. Соған қарамай «машина жасау саласы есіп жатыр» — деп өзімізді жұбатып отырамыз»

«Шыны керек, қазір елімізге көлік бөлшектері жеткізілгеннен кейін біз өзімізді алдай бастаймыз. Электр қуатын, теміржол шығынын, коммуналық төлем мен жұмысшылардың жалақысын санаймыз да, міне, мынау біздің

Тимур ҚҰЛЫБАЕВ, «Атамекен» ҰҚП президиум төрағасы
inform.kz



ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ

Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев осы аптада Беларусь Республикасына ресми сапармен барды. Елбасы осы ресми сапарының қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді.

Қазақстан Президенті берік әріптес саналатын екі ел арасындағы қарым-қатынастың ашық әрі сенімді сипаты бар екенін айтты. Н.Назарбаев «Бүгінде біздің арамызда өзара онтайлы шешімі табылмаған мәселе жоқ. Біз екіжақты күн тәртібінің кен ауқымды мәселесін қарастырдық», — деді. Александр Лукашенко екіжақты қарым-қатынас және интеграциялық бірлестік тұрғысынан стратегиялық ынтымақтастықтың маңыздылығын атап өтті. Беларусь Президенті «Біз 25 жыл ішінде жай дос ғана емес, сондай-ақ стратегиялық, экономикалық серіктеске айналдық. Қазақстан біз үшін екіжақты байланыс тұрғысынан да, интеграциялық бірлестік пен халықаралық ұйым аясында да маңызды әрі уақыт сынынан өткен одақтас ел», — деді. Елбасы келіссөздер барысында сауда-экономикалық саладағы



КЕЛІССӨЗДЕР КӨКЖИЕГІ КЕҢІДІ

пайдаланылмаған резервті тартуды жандандыру қажет екенін атап өтті. Н.Назарбаев «Мен біздің сауда номенклатурамызды кеңейту бағытында жұмыс істеуді ұсындым. Өнеркәсіп кооперациясын нығайтуға және екіжақты сауда-саттық көлемін арттырудың нақты деректеріне айрықша мән берілді», — деді. Мемлекет басшысы комбайн, трактор, сондай-ақ карьерлік, жүкті өзі аударатын, тіркемелі және басқа да

артты. 2018 жылы бұл көлем екі есе өседі деп күтілуде», — деді. Қазақстан Президентінің Беларуське ресми сапары аясында мынадай құжаттарға қол қойылды: — Қазақстан мен Беларусь арасындағы әлеуметтік-экономикалық ынтымақтастық туралы шарт және 2026 жылға дейінгі ынтымақтастық бағдарламасы; — Қазақстан үкіметі мен Беларусь үкіметі арасындағы бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы ынтымақтастық туралы келісім; — Екі ел үкіметі арасындағы өнеркәсіптің қорғаныс салалары ұйымдарының өндірістік және ғылыми-техникалық кооперациясы туралы келісімі; — Екі мемлекеттің сыртқы істер министрлігі арасындағы 2018-2019 жылдарға арналған ынтымақтастық жоспары; — Қазақстан мәдениет және спорт министрлігі мен Беларусь спорт және туризм министрлігі арасындағы дене шынықтыру және спорт саласындағы 2018-2019 жылдарға арналған ынтымақтастық бағдарламасы және мәдени ынтымақтастық жөнінде өзара түсіністік туралы меморандум; — Екі елдің Ұлттық ғылым академиясы арасындағы ғылыми-техникалық ынтымақтастық туралы шарт.

(Өз тілшіміз)



өзара іс-қимылды дамытуға ерекше мән берілгенін атап өтті. Сондай-ақ БАҚ өкілдеріне биылғы 9 айда

техника шығару жөніндегі бірлескен кәсіпорын қызметінің тиімділігін арттыру қажеттігіне ерекше тоқталды.

Үкімет

Үкімет бизнес қауымдастығымен ашық диалогқа және бірлесіп жұмыс істеуге дайын. Бізде тек бір ғана жол бар — 2050 жылға қарай өлеңнің ең озық дамыған отыз өлінің қатарына қосылу. Бұл туралы Астанада Қазақстанның «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы (ҰҚП) төралқасының кеңейтілген отырысында Премьер-Министр Бақытжан Сағынтаев айтты.

Отырыста мемлекеттік-жеке меншік серіктестік саласындағы заңнаманы жетілдіру, бизнесті мемлекеттік қаржылық қолдау шарасы, мемлекеттік және

мүшелерімен кездесу өткізілгенін айтты өтті. Шамамен 500 жүйелік мәселені қамтитын тізім жасалды. Бүгінде олардың 400-дейі шешілді, қалғаны бойынша тиісті жұмыс жүргізілуде. Бақытжан Сағынтаев маман даярлау мәселесіне қатысты елімізде технологиялық жаңару процесі бастау алғанын сөз етті. Бүгінде Атырауда шет тілін меңгерген мамандар даярлайтын колледж бар. Үкімет келер жылы әр облыс орталығында осындай мамандандырылған колледж ашуды жоспарлап отыр. Келесі жылдан бастап 20 колледж жұмыс істей бастайды. Айта кетейік, бүгінгі таңда лицензия мен рұқсат саны шамамен үш есеге қысқарды (*1200-ден 316-ға дейін*). Бақылау және қадағалау қызметіне тексеріс жүргізілді. 114 бақылау саласының 25-і және қадағалаудың 18 саласының 3-і алынып

БИЗНЕСТІ ДАМУДА БІРЛІК КЕРЕК

квазимемлекеттік сатып алуға қатысу, импортты алмастыруды дамыту, мемлекеттік қызметті автоматтандыру және цифрландыру, сондай-ақ Үшінші жаңғыртуға маман даярлау мәселесі қаралды. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты биылғы Жолдауында «Экономиканы жаппай цифрландыру тұтас саланың жойылуына және мүлде жаңа саланың пайда болуына алып келеді. Біздің көз алдымызда болып жатқан ұлы өзгерістер — әрі тарихи сын-қатер, әрі ұлтқа берілген мүмкіндік» — деп айтқан болатын. Бұл жиында сөз болған тақырыптың өзегі де осы — экономиканы цифрландыру.

Өз сөзінде Бақытжан Сағынтаев бірлескен қызметтің негізгі бағытын белгіледі. Сондай-ақ диалог барысында туындаған сауалдарға жауап берді. Кәсіпкерлікті дамыту — үкіметтің негізгі басымдығы. Бұл елдің экономикалық өсуінің жаңа моделін құрудың басты бағыты. 2050 жылға қарай шағын және орта бизнестің ЖІӨ-дегі үлесі 50%-дан кем болмауын қамтамасыз ету туралы мемлекет басшысының үкімет пен бизнес қауымдастығы алдына қойған міндетін орындау бойынша ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Үкімет бірлесіп қайта реттеу, шағын және орта бизнестің (*ШОБ*) іскерлік белсенділігін ынталандыру және отандық бизнесті қолдауға бағытталған іс-шараны жетілдіруде жүйелі жұмыс жүргізуде. Премьер-Министр еліміздің аймақтарына жұмыс сапары аясында өңірлік кәсіпкерлер палатасының



Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ

тасталады. ШОБ субъектісін тексеру бойынша 17,6 мыңнан астам талап қысқартылды. Қаржылық қолдау көрсету аясында жалпы 800 млрд тенгеден астам сомаға 13 мыңға жуық ШОБ жоба қаржыландырылды. Денсаулық сақтау мен білім беру саласын ырықтандыру мақсатында 29 ескірген және қайталанатын санитарлық ереже жойылды, келесі кезеңде жоспарға сәйкес 30-дан астам ескірген ережені жою көзделген. Өткізілген жұмыс арнайы тексеруден 34 500 нысанды босатуға, ал тексерудің санын 1,7 есеге азайтуға мүмкіндік берді. Мемлекеттік сатып алу саласында отандық тауар өндірушілерді қолдау тетігі әзірленді. Отандық тауар өндірушілер Бірыңғай ұйымдастырушы арқылы сатып алынатын тауардың, жұмыстың және қызметтің тізімі кеңейтілді. Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Цифрлық Қазақстан» бағдарламасы аясында бизнеске арналған ашық цифрлық платформа құрылады. Сол платформаға мемлекеттік қолдаудың барлық шарасы біріктіріледі.

1 желтоқсан — Тұңғыш Президент күні!



ЕЛБАСЫ ОРТАЛЫҒЫ АШЫЛДЫ

Алматы облысында Тұңғыш Президент күніне орай 35 жаңа нысан ашылады. Соның ішінде ең айтулысы — Қарасай ауданының Шамалған ауылындағы Қазақстанның Тұңғыш Президенті — Елбасының «Атамекен» тарихи-мәдени орталығы.



Орталықтағы әрбір жәдігердің өз тарихы бар. Олардың қай-қайсысы да Елбасының балалық шағынан бастап, бүгінгі күнге дейінгі өмір белесін суреттейді. Орталық қорында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың 90-ға жуық жеке заты, 250-ден астам кітап бар.

Алматы қалалық мәслихатының VI шақырылымдағы сессиясында Қазақстан үкіметі жанындағы республикалық ономастика комиссиясы тұрғындардың көптеген өтінішін ескере отырып, Алматыдағы Фурманов көшесіне мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың есімін беру туралы шешім қабылдады.

есімімен Түркияның бірнеше қаласының көшелері аталады. Татарстан астанасы Қазанның магистральды көшесіне Елбасы есімі берілген. Өз кезегінде мәслихат депутаты, «Алматы ақшамы» газетінің бас редакторы Кали Сәрсенбай бұл тарихи шешімді қала тұрғындарының ұзақ күткенін айтты. Ал қала мәслихатының депутаты, «Ильдаш» татар гуманитарлық орталығының төрайымы Нүрия Ниязова еліміздің ең басты жетістігі тұрақтылық, келісім, бейбітшілік пен достық екенін атап өтті. Осылайша, Алматы қаласы мәслихаты

ФУРМАНОВ КӨШЕСІ ЕНДІ НАЗАРБАЕВ ДАҢҒЫЛЫ



Сессия барысында Алматы әкімі Бауыржан Байбек ономастика комиссиясының назарына атауы қайталанатын 112 көшенің атауын өзгерту туралы ұсыныс берілер кезде қоғамдық және бейресми ұйымдар, жастар мен зиялы қауым өкілдерінен Фурманов көшесінің атауын Назарбаев даңғылы етіп өзгерту туралы өтініш көп түскенін айтты. Бауыржан Байбек «Біз биыл Астананың 20 жылдығын мерекелейміз. Егер еске алатын болсақ, тарихтың өзі астананы көшіру туралы Елбасы шешімінің барынша көреген әрі дұрыс екенін дәлелдеді. Соның арқасында Еуразия орталығында жаңа заманауи қала пайда болды әрі еліміздің іскерлік орталығы ретінде Алматы жана серпінмен дами бастады. Тарихи маңызы зор шешім мен Президенттің экономикалық реформалары өзара ұштасып, жеке бастамаларды ынталандырды, кәсіпкерлік рухты дамытты. Бүгінгі күні Алматы — өңірлік тартылыс күші, Орталық Азияның ірі мегаполисі», — деді. Айта кетерлігі, осыдан 10 жыл бұрын Қазақстан Президенті Н.Назарбаевтың есімі Иорданияның Амман қаласындағы және Шешенстанның Грозный қаласындағы көшелердің біріне берілген болатын. Бұлардан өзге, Қазақстанның Тұңғыш Президенті

депутаттарының бірауыздан қабылданған шешімімен Фурманов көшесі Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атындағы даңғыл деп аталды. Еске салсақ, Алматыда бұрынғылар бірін-бірі қайталайтын 100 көше атауы өзгерген болатын. Қалаға қосылған елді мекендерді есептегенде, Абай атында — 12, М. Әуезов атында — 3, Ж. Жабаев атында — 13, Құрманғазы атында — 6, Төле би атында — 5, Қазыбек би атында — 3, Әйтеке би атында — 3, Райымбек батыр атында — 8, Наурызбай батыр атында — 4, Қарасай батыр атында — 8, Байтұрсынов атында — 4, С.Сейфуллин атында — 5, Ә.Молдағұлова атында — 6, М.Мәметова атында 6 көше бар екен. Алматыда 42 көше еліміздің дамуына үлес қосқан қайраткерлер есімін иеленсе, қалғандары географиялық атауға, еліміздің тарихы мен мәдениетіне, дәстүріне орай аталған екен. Енді шаһардағы біраз көшенің аты өзгертіліп, Ш.Айтматов, Г.Бельгер, Т.Бигелдинов, Е.Серкебаев, Қ.Кенжетасов, С.Калмыков, Қ.Мырзаліев, Алматы апортының «өкесі» атанған Е.Редько және басқалардың есімдерімен аталады.

Ұлжалғас БОРАНБАЙ

Байланыс

Осы аптада Алматы–Шу теміржол желісінің құрылысы мен Алматы–Шамалған автокөлік даңғылы қатар ашылды. Жоба мемлекет басшысының «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жүзеге асырылды.

Ақсенгір стансасындағы салтанатты шараға «Қазақстан теміржолы» ҰҚ» АҚ басшысы Канат Алпысбаев, Алматы облысы әкімінің орынбасары Айдарбек Байжанов, көлік қызметкерлері мен ардагерлері, құрылыс компанияларының өкілдері қатысты. Қ.Алпысбаев Алматы–Шу екінші теміржол

740 метрлік жол өткелі салынды. Бұдан былай Елтай ауылдық округінің Береке, Екпінді, Жетісу, жалпы Қарасай ауданындағы елді мекендердің тұрғындары теміржолды кесіп өтпейді. Автожол арқылы тәулігіне 17 мың көлік өте алады. Салтанатты шараның соңында жиыңға қатысушылар Ақсенгір стансасынан Қытай–Еуропа транзиттік контейнерлік пойызы мен «Тұлпар–Тальго»

«НҰРЛЫ ЖОЛ»: АЛМАТЫ МЕН ШУ АРАСЫ

телімінің құрылысы аяқталуымен құттықтап, жаңа жолдың трансақзақстандық жаңа бағдарларды дамытуға мүмкіндік беретінін атап өтті. Сондай-ақ ол пойыз қозғалысын жеделдетіп, өңірлердің коммуникациялық байланысын одан әрі арттыратындығына тоқталды. «Қазақстан Еуропа мен Азия арасындағы транскұрлықтық тасымалдауды дамытуды белсенді жүргізуде. Соған орай жаңа инфрақұрылымды жасақтау мен жаңғырту жұмысы жүргізіліп, жүкті жеткізу мерзімі қысқартылуда», — деді Канат Алпысбаев. Жобаның өңірге ғана емес, жалпы ел экономикасы үшін де маңызы зор екендігін тілге тиек етті. Ұзындығы 113 шақырымдық теміржолдың құрылысы екі жылда аяқталды. Осы мерзімде өте үлкен құрылыс ауқымы орындалды. 16 станса жаңғыртылған. 13 көпір мен жол өткелдері, 156 шақырымға электр желісі мен басқа да өндірістік инфрақұрылымдық нысандары тұрғызылды. Сонымен қатар 1,7 шақырымдық Елтай–Мерей жаңа автокөлік жолы салынып, Елтай ауылында ұзындығы



жүрдек жолаушылар пойызының өтуіне сәт-сапар тіледі. Осы кезде теміржол үстінде автокөліктер керуені де алыс сапарға бет алды.

Салтанат ШЫРЫНҚАН

Денсаулық-2019

Сол себепті де елімізде тұрғындардың денсаулығын нығайтуға, медициналық көмектің сапасын және дәрі дәрмекпен қамтамасыз етуді жақсартуға бағытталған іс-шаралар атқарылууда. Осы мақсатта 2011–2015 жылдарға арналған «Саламатты Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасы іске асырылса, оның жалғасы ретінде 2016–2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы жоғары деңгейде жүзеге асып жатыр. Сонымен қатар бүгінде Мемлекеттік бағдарлама шеңберінде миокардтың жіті инфарктын, инсульт, онкологиялық ауруларды, жүкті әйелдерді босандыру мен балаларды емдеу, сондай-ақ жаракаттану жағдайында медициналық көмекті ықпалдастыра басқару моделінің 2016–2019 жылдарға арналған Жол картасы бекітіліп, іске асырылууда.

Аталған жұмыстарды жүйелі жүргізумен Жамбыл облысы да шет қалып келе жатқан жоқ. Өткен жылы Жамбыл облысының денсаулық сақтау саласына 54,6 млрд теңге бөлінген болатын. Ал биылғы жылы бұл сома 5 пайызға артып, 57,7 млрд теңгені құрады. Тегін медициналық көмектің кепілдік берілген қаржы көлемі 7 пайызға артып, 56,7 млрд теңгеге жетті. Бұл, өз кезегінде, медициналық көмектің қолжетімділігін жақсартты.

Қазақстанның Ата заңында «оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі» екені тайға таңба басқандай айқын көрсетілген. Сол себепті денсаулық сақтау саласы мемлекет өміріндегі аса маңызды салалардың бірі болып табылады. Елбасының «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты биылғы Жолдауында да денсаулық саласына ерекше көңіл бөлініп, нақты міндеттер жүктелді.

Бұдан бөлек, Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «100 нақты кадам» Ұлт жоспарының 81 қадамын іске асыру мақсатында мемлекеттік-жекеменшік серіктестік аясында сатып алу құқығымен сенімгерлік басқаруға беру жобасы қарқынды жүзеге асырылууда. 2015 жылы облысымызда сенімгерлік басқаруға 1 нысан берілген болатын. 2016 жылы олардың саны 6 нысанға жетті. 2017 жылдың 9 айында облыс бойынша мемлекеттік-жекеменшік серіктестік шеңберінде 2 емхана жекешелендірілді. Жылдың

жұмыс аз емес. Мысалы, 2017–2025 жылдар аралығында өңірде 93 денсаулық сақтау нысандарының құрылысын салу жоспарланған. Оның ішінде 12 нысанның құрылысы биылғы жылдың енісіне тиесілі. Бүгінгі күнге 8 дәрігерлік амбулатория мен 3 фельдшер-акушерлік бөлімшенің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Қалған 1 медициналық бөлімшенің құрылысы осы жылдың соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

Құрылысы жоспарланған 93 нысанның ішінде ірі жобалар да жоқ емес. Олардың қатарында 200 орындық облыстық онкологиялық диспансер мен 250 келушіге арналған емхананы атап өтуге болады. Онкодиспансер құрылысына жалпы соммасы 11,8 млрд теңге қарастырылған. Тараз қаласында «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында құрылысы жүргізілетін 14 шағын ауданда бой көтеретін нысанға 4,2 гектар жер телімі бөлінген. Емдеу мекемесі 2020 жылы пайдалануға беріледі деп күтілуде.

Ал емхана облыстың Қордай ауданында салынбақ. Аудан орталығы Қордай ауылында бой көтеретін нысанның құны – 2 млрд теңге. Құрылысы 2019 жылы аяқталатын емхана 3 гектар аумақта орналаспақ.

Сондай-ақ қолданыстағы мекемелерді жөндеуден өткізу ісі де ұмыт қалмаған. Бұл жұмыстар аясында биылғы жылы «Айша бибі» санаторийіне 134,7 млн теңгеге, Мойынқұм

аудандық орталық ауруханасына 45,8 млн теңгеге, Т.Рысқұлов аудандық орталық ауруханасына 18,5 млн теңгеге күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді.

Жамбыл облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының басшысы «Жалпы алғанда, Әулие ата жұртшылығының денсаулығын сақтау мақсатында ауқымды жұмыстар жасалуда. Бұл бағытта жергілікті билік тұрақты қолдау көрсетіп келеді. Өз кезегінде «ақ халаттылар» да күш-жігерін аямауда.

Жоғарыда айтқанымдай, жаңа технологиялық мүмкіндіктердің игілігіне де жүгініп келеміз. Мәселен, осы жылдың сәуір айында Human Development Group компаниясымен жергілікті бюджет есебінен бөлінген 470 миллион теңгеге медициналық ақпараттық жүйесін орналастыруға келісімшарт жасалды. Медициналық ақпарат жүйесі ауруханаларда науқастың стационарлық картасын, емханаларда амбулаториялық картасын толтыруға, зертханалық және параклиникалық зерттеулер нәтижесін өңдеуді автоматтандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар осы жүйе арқылы науқастар емдеуші дәрігермен, ал дәрігерлер басқа бейінді дәрігерлермен кеңесе алады. Бұл ақпараттық жүйеде қолайлы пайдаланушы интерфейсі бар, қағаз құжат айналымын азайтады. Электрондық денсаулық сақтауды дамыту тұжырымдамасының қағидағтарына сәйкес келеді. Қазіргі таңда Тараз қалалық №5

соңына дейін облыстық диагностикалық кеңес беру медициналық орталығын жекешелендіру және Тараз қалалық №9 емханасын сенімгерлік басқаруға беру жоспарлануда, – дейді М.Жұманқұлов.

Облыста кадр тапшылығын жою, білікті мамандар санын арттыру бағытында да жұмыстар жүйелі жүргізіліп келеді. Аталған жұмыстар аясында Әулие ата өңіріне жас мамандар тарту ісі тұрақты бақылауға алынған. Оқу орындарын бітіріп, жұмысқа тұруға ниетті жас тұлғаларға жасалып отырған жайлы жағдай жыл сайын Жамбыл жеріне келетін мамандар санының артып отыруына сеп болып отырғанын айтып кетуіміз керек. Сөзіміз дәлелді болсын, өткен жылдың 9 айында аймаққа 73 маман келсе, биылғы жылы бұл көрсеткіш 100-ге жеткен. Оның 79-ы ауылдық жерге орналасқан. Қазіргі таңда 32 жас дәрігер 800 мың теңгелен әлеуметтік көмек алды. 7-іне республикалық бюджет есебінен 70

айлық есептік көрсеткіш көлемінде көтерме ақы төленген және 0,01 пайыз есебімен тұрғын үй сатып алуға 8 жас маман несие алды.

– Бұдан бөлек, келер жылға жергілікті бюджет есебінен 9 резидентті оқыту жоспарланып отыр. Оның ішінде акушерлік-гинекология, неонатология және реаниматология мамандығын

иселенген мамандардың білімдерін жетілдіруге басымдық беріліп отыр. Резидентураны аяқтағаннан кейін бұл мамандар облыстың емдеу ұйымдарына жұмысқа орналастырылады.

Жалпы қатардағы кадрлардың біліктілігін арттыру ешқашан күн тәртібінен түскен емес. Бұл жұмыстар нәтижесінде, Жамбыл облысы бойынша 30 дәрігер қайта даярлаудан өтіп, 327 дәрігер және 661 орта буынды медициналық қызметкер біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Сонымен қатар Сингапурда 2 балалар ортопед-травматологы, Түркияда балалар нейрохирургы, Ұлыбританияда 5 дәрігер біліктілігін арттыру курстарынан өтті. Қазіргі таңда 1 неонатолог дәрігер

Ұлыбританияда біліктілігін арттыруда, – дейді Марат Сейітбекулы.

Жергілікті тұрғындардың денсаулығын жақсартудағы тағы бір жол – емдеу мекемелерінің санын арттыру. Бұл ретте де Жамбыл облысында атқарылып жатқан

Адам капиталы

Мемлекет басшысының биылғы Қазақстан халқына Жолдауында адами капитал сапасын жақсарту мәселесіне баса мән берілген. Осы орайда «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры «Самұрық-Қазына» корпоративтік университетімен бірлесіп, 2017 жылдың бірінші сәуірінен бастап дарынды жастардың қабілетін шыңдауға бағытталған «Жас Өркен» тағылымдамалық бағдарламасын іске қосқан еді.

Содан бері «Жас Өркен» еліміздің жоғары оқу орындары арасында танымал бола түсуде. Айталық, Шымкенттегі М.Әуезов атындағы университетте 600 студент тағылымдамаға қызығушылық танытты. Қараша айының соңында осы жастардың басын қосқан кездесу өтті. Басқосуға «Самұрық-Қазына» АҚ адам ресурстарын басқару және коммуникациялар жөніндегі басқарушы директоры –басқарма мүшесі Ұлан Тәжібаев қатысты. Жастар топ-менеджерге көкейдегі сауалдарын жаудырды.

Ұлан Тәжібаевтың айтуынша, бағдарламаның мақсаты – ел ішіндегі ең дарынды 20 тұлғеті тандап, оларды қор тобына кіретін ұлттық компанияларға орналастыру. Осы ретте тұлғелердің арасынан жүзден жүйрік, мыннан тұлпарын тандау үшін бағдарламаның «Жас Өркен-2018» жаңа байқауы жарияланды. Байқаудан сүрінбей өткен 20 тұлғе 20 ай бойы «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамы тобының бірнеше қоржынды компаниясында тағылымдамадан өтеді. Сөйтіп, жастар қызмет жолын еліміздегі

Байқау төрт кезеңнен тұрады. Мұндағы ұстанатын басты қағида – жариялылық және әділдік. Әр үміткерге барынша тең құқық, тең мүмкіндік беріледі.

Енді байқаудың төрт кезеңіне жеке-жеке тоқтала кетейік.

– Бірінші кезең – қашықтықтан жүзеге асырылады. Ол 2018 жылдың бірінші қаңтарынан 31 наурызға дейін созылады. Үміткер компанияның ресми сайтына онлайн тіркеледі. Бұл бірінші кезеңнің өзі үш бөлімнен тұрады: бірінші – тіркеу үлгісі, мұнда үміткер жайлы жеке мәлімет толтырылады. Екіншісі – ынталық эссе жазу. Үшіншісі – online case study өту. Ол үміткердің ойлау қабілетін, мақсат-мүддені бағыттай білу түйсігін тексеретін сауалнамалық тест.

Екінші кезең – Алматы, Астана қалалары және облыс орталықтарында жүзбе-жүз өткізіледі. Ол 2018 жылдың 28 сәуірі мен үшінші маусымына дейін созылады. Үміткерлерді бағалау – ауызша және сандық талдау қабілетін анықтайтын тест арқылы жүргізіледі. Оны мінез-құлық стилін анықтайтын ассессмент орталық жүзеге асырады.



«ЖАС ӨРКЕН» ДАРЫНДЫЛАРДЫ ІЗДЕЙДІ

ірі индустриалдық кәсіпорындарда бастай алады. Мұның тамаша мүмкіндік екені айтпаса да түсінікті.

Бағдарламаның тағы бір ерекшелігі – тағылымдамадан өтуге әркімнің де хақысы бар. Нақтырақ айтсақ, «Жас Өркенге» медицина мен өнер саласы, соның ішінде актер, әнші, биші, күйшілерден басқа мамандық иелері, жоғары оқу орындарын бітірген тұлғелер қатыса алады. Үміткер ретінде жоғары білімін одан әрі жетілдіріп, жақсы лауазым иесі атанғысы келетін жас оқытушылар да, профессорлық құрам да бақтарын сынап көрулеріне болады. Жас ерекшелігіне шектеу қойылмайды. Сонымен қатар тіл білу жағынан да шектеу жоқ. Мысалы, ағылшын, орыс немесе казак тілін білу міндет деген талаптар қойылмайды. Мамандық ауқымды да кен. Бұл арада еліміздің әр өңіріндегі түрлі жоғары оқу орындарында гуманитарлық бағыттан бастап, жаратылыстану, өнеркәсіп, экономика тағы басқа толып жатқан салаларға маманданған азаматтар «Жас Өркенге» арқа сүйей алады.

Былтыр осы бағдарлама тәртібі бойынша республиканың түкпір-түкпірінен 20 үздік тұлғе іріктеліп алынды. Байқау талабынан сүрінбей өткен азаматтар «Самұрық-Қазына» АҚ тобының бірнеше қоржынды компаниясында тағылымдамадан өту мүмкіндігіне ие болды. Қазір олар көшбасшылық қабілетін шыңдап, талабын ұштай түсуде. Ал тағылымдамадан сәтті өткендер үшін «Жұмыс істеу және әрі қарай жетілу» жоспары жасалады. Қор тобына енетін ұлттық компанияларға жұмысқа орналастырылады. Тағылымдамалық бағдарламаны тамаша тәмәмдаған тұлғелер алдында 5–15 жылда алатын асуын алдын ала жоспарлайды. Сөйтіп, лауазым бойынша сатылай көтерілу қағидасы жүзеге асырылады. Қысқасы, алға биік мақсат қойылады да, оны енсерудің тиімді алгоритмі түзеледі.

Бағдарлама бойынша іріктелген әр азамат екі жыл қатарынан ұлттық компанияларда тағылымдамадан өтеді.



Тағылымдама төрт айналымнан тұрады. Әр айналым 5 айға созылады. Егер қаржыгер немесе экономист болса, бірінші айналымда «ҚазМұнайГаздың» қаржылық бөлімінде тағылымдамадан өтеді. Одан кейін «Қазателекомның» экономикалық бөлімдеріне ауысады. Бұл бөлісті бағындырған соң, КЕОК-қа бет түзейді. Кейін «Әйр Астанадағы» сәйкес бөлімдердің жұмысына араласып, оның қыр-сырын меңгереді. Қысқасы, екі жылда төрт түрлі ұлттық компанияда жұмыс істеу мүмкіндігі беріледі.

Талапкерлер тағылымдамадан өтіп жүрген аралықта, осы ұлттық компаниялардың топ-менеджмент өкілдері ішінен жеке ұстаз, тәлімгер бекітіледі. Сонда олар жұмыс істеп, тиісті міндетін атқарумен шектелмейді. Осы саланың майталманынан тәлім алып, тәжірибесін сіңіреді.

байқауының өзіндік ерекшелігі мен талабы болары сөзсіз.

Айталық, барлық қатысушыларға төмендегідей міндетті талаптар қойылады. Бағдарламадан үмітті адам алдымен Қазақстан азаматы болуы тиіс. Бұл – бір. Екіншіден, қатысушы 2016, 2017, 2018 жылғы бакалавр немесе магистр тұлғеі болуы шарт.

Иә, бүгінгі студент ертенгі жән-жақты дамыған маман болуы керек. Сонда ғана ол еңбек нарығындағы сұранысты қанағаттандыра алады. Барлық оқу орындары қабырғасынан бастап студенттерді еңбек нарығында тандауды түрде бәсекеге түсе алатын маман жасап шығару бүгінгі күннің басты талабы.

Сабырбек ДӘНҚҰЛЫ,
Оңтүстік Қазақстан облысы



қағидаатының негізінде денсаулық сақтау жүйесінің қаржылық тұрақтылығы тетіктерін іске асыру үшін ауруға шалдығудың алдын алу және ерте қүресу бойынша медициналық көмек көрсету сапасын жақсарту мақсатында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі енгізілді.

Мұратхан ӘЛІМХАН,
Жамбыл облысы



«Каскор машина жасау зауыты» кезінде кенді өндіру және өндеумен айналысқан Каспий аймақтық тау-кен комбинатының құрамындағы компанияның бірі болып, 1995 жылы өз алдына жеке отау тікті. Бүгінде бұл зауытта мұнай қыздыратын және мұржаны пештер, көлемі әртүрлі қазандар, ирек құбырлар, жер үсті және жер асты қазандықтары, бұрғылау құбырлары және тағы да басқа мұнай тасымалдауға қажетті өнімдер дайындалады. Өндіріс орны бір жылдан бері сорап- компрессор құбырын өндіре бастады.

«Каскор-машзауыт» АҚ техникалық директоры Жұмалы Ерғалиев «Біз осы жылдың соңына дейін 15 мың тонна көлемінде құрал-жабдықтардың, қондырғылардың түрлерін шығарып, 5 млрд теңгенің өнімін өндіруді жоспарлап отырмыз. Осы межеге жетсек, өткен жылмен салыстырғанда бұл көрсеткішті 120-140 пайызға дейін жеткіземіз. Бәсекеге қабілетті сапалы өнімдерімізге еліміздің түкпір-түкпірінен сұраныс көп түседі. Өндіріске жаңа технологияларды енгізіп, жаңа өнімді нарыққа шығаруымыз осындай жоғары

Еліміз үшін елеулі өзгерістермен, айтулы оқиға, жаңа бетбұрыстармен ерекшеленген 25 жылдан астам уақытта өндіріс саласының ауқымы айтарлықтай артты. Егемендік алған елең-алаң шақта негізі қаланған өндіріс ошақтары бүгінде Тәуелсіздікпен бірге өркен жайып, қатар түледі. Елбасының тапсырмасымен өндіріске келген жаңа леп экономикалық даму сатымызды көтеріп, төл өнімдерімізді төрге оздырды. Осыдан 27 жыл бұрын отандық нарыққа жол тартып, облыс орталығының іргесіндегі өндірістік аймақта шоғырланған мұнай тасымалдайтын қондырғылар өндіретін «Каскор- машина жасау зауыты» акционерлік қоғамына барып, тынысымен танысып қайтқан едік.



— Мен осы зауытта 6 айдан бері оператор болып жұмыс істеймін. Құбырларды бір-біріне киізетін резіндерді дайындаймын. Ол үшін жаңа құрылғыға технолог енгізген бағдарламаны бақылап, белгілі бір қалыпта және көлемде шығуын қадағалап тұрамын. Жұмысымыз автоматтандырылғандықтан, қол күші аз жұмсалады. Жұмысымыз 5 күндік, екі ауысыммен жасаймыз, — деді Дияс Таусаров.

Дәнекерлеу-жинау аймағының ең шетінде теміржол вагондарынан және автокөліктерден жүк қабылдайтын және жөнелтетін жол салынған.

— Зауыттың орналасқан жері логистикалық жағынан өте тиімді. Біз тұтынушылардың талаптарына сәйкес тапсырысты орындап қана қоймай, зауыт қондырғыларын орнатып, компания мамандарына жаңа технологиямен жұмыс істеу тәртібін үйретеміз. Газбен жұмыс жасайтын пеш қондырғыларының тілін табу күрделі болғандықтан мамандарымыз білгендерін үйретеді. Өз мамандарымыздың кәсіби біліктілігін жетілдіру үшін оқуға жіберіп тұрамыз. Өндіріс орнында Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инженеринг университетінің, энергетикалық колледждің студенттері тәжірибеден өтеді. Теориялық білімдерін тәжірибе жүзінде көрсете білген түлектерді жұмысқа қабылдадық. Жаңа бизнес жоспарымызды жасақтап, акционерлерімізге ұсындық. Алдағы уақытта жаңа өнімнің түрлерін игеріп, нарыққа шығаруды көздеп отырмыз, — деді «Каскор-машзауыт» АҚ техникалық директоры Жұмалы Ерғалиев.



калаларындағы компаниялармен сенімді серіктестік орнатқан.

БАСТЫ БАҒДАР – СЫРТҚЫ НАРЫҚ

Жалпы аумағы 6 гектарды алып жатқан зауыттың 3 гектарындағы өндірістік алаңда механикалық-энергетикалық қызмет, дайындау, дәнекерлеу-жинау аймақтары, құм ағызу және сырлау аймақтары, әкімшілік ғимарат және теміржол желісі орналасқан. Біз жұмысы қыз-қыз кайнап жатқан дәнекерлеу-жинау аймағына бас сұқтық.

Мұнда мамандар мұнай қыздыратын пеш жасап жатыр екен. Кен орындарында жер астынан алынатын мұнай қатып қалмас үшін қолданылатын пештің ПП-063 деп

істеудің тетігін тапқан мамандар сорап- компрессор құбырын жасап жатыр. Олар күніне 30-35 тонна жаңа өнім түрін дайындайды.



көрсеткішті бағындыруымызға септігін тигізбек. Сондай-ақ 40-тан аса жаңа жұмыс орны құрылды. Қазіргі таңда зауытта 180 қызметкер жұмыс ітесе, оның 80 пайызы жергілікті мамандар. Мамандардың 60 пайызын жастар құрайды», — деді.

«Бизнестің жол картасы —2020» бағдарламасы аясында мемлекеттен қаржылай көмек алған акционерлік қоғам Жанаөзен қаласында 2012 жылы штангалық сораптарды өңдейтін және жөндейтін цех ашты. Зауытқа қажетті металл, ұсақ тұрбалар, монометр, термометр сынды шикізаттар Ресейден және Қарағанды қаласынан жеткізіледі. Өндірілетін өнімнің түрлерін арттырып қана қоймай, олардың сапа көрсеткіштерін де еселеп, бәсекеге қабілеттілігін арттыра түскен зауыт «ҚазМұнайГаз» ӨБ» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ және Қызылорда, Шымкент, Атырау, Ақтөбе, Алматы

аталатын маркасынан айына 15, УН- 0,2 деп аталатын кішірек түрінен 40 данасы шығарылады. Мәселен, кен орындарында 5-6 шақырым сайын орнатылатын мұндай пештердің «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ 90, «Өзенмұнайгаз» АҚ 40 данасына тапсырыс берген. Жаңа технологияны жатсынбай, заманауи үлгідегі жетілген құрал-жабдықтармен жұмыс



ЖАҒҒЫРТУ 3.0

«Қазақстанда жасалған» әрбір бұйымда төрт қасиет-сапалы, ыңғайлы, әдемі және арзан болуы керек. Сонда ғана ісіміз өнімді, затымыз өтімді болады»



көрме-жәрменкелері мен конкурстарына қатысқан кәсіпорын аудит нәтижесі белгілі болса, келесі жылдан бастап шетелдік нарыққа шығуды жоспарлап отыр.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ
Сурет: Талант ҚҰСАЙЫН

«Жасыл экономика»

Мемлекет басшысы Н.Назарбаев «Жасыл экономиканы» дамыту жөнінде үнемі нақты тапсырма беріп келеді. Сондықтан да

Қазақстанда бірегей жоба «Жасыл экономикаға көшу тұжырымдамасы» қабылданды. Ел ордасы Астанада өткен ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесінің «Болашақтың энергиясы» тақырыбымен өтуінің де өзіндік мәні бар. Осы орайда елімізде жасыл экономиканы дамытудың жан-жақты жобалары жасалуда. Міне, соның бірі де бірегейі – Шымкент шаһарында көрініс тауып отыр. Жуырда Шымкент қаласында Орталық Азия бойынша тұңғыш биогаз қондырғысы кешені іске қосылды. Оның қуаты 0,5 мегаватт. Айта кетуге тиіспіз, бұл жоба ЭКСПО-2017 халықаралық көрмесіне ұсынылып, лайықты бағасын алды.

Жуырда облыс әкімі Жансейіт Түймебаевтың қатысуымен Шымкент қаласында «Су ресурстары-маркетинг» ЖШС-нің көріз жүйесіндегі қалдық сулардан биогаз және электр қуатын өндіретін қондырғысы іске қосылды.

Өз кезегінде компания басшысы Анарбек Орман өңірдің экологиялық мәселелерін шешуге ерекше көңіл бөліп жүрген облыс әкіміне өз атынан ризашылығын білдірді.

қанағаттандыруға жетеді. Сонымен бірге қалдық сулардан ауаға тарайтын жағымсыз газдарды 3,4 мың тоннаға азайтуға мүмкіндік туды. Тазартылған көріз суынан алынған құм құрылысқа, ал қатты қалдықтары ауыл шаруашылығында тыңайтқыш ретінде жұмсалады. Технология Польша және Венгрия тәжірибесіне негізделген.

Сондай-ақ алдағы уақытта жобаның екінші кезеңін жүзеге асыру жоспарда тұр. Бұған сәйкес, сағатына 300-400 кВт электр энергиясы өндіріледі. Тазаланған көріз суы арнайы қоймаларда сақталатын болады. Ол



БИОГАЗ БЕН ЖАРЫҚ ӨНДІРІСІ



Айта кету керек, мұндай қондырғы Орталық Азия елдерінде ешбір баламасы жоқ. Осы жобаны іске асыру үшін 2,3 млрд теңге инвестиция құйылған. Көріз суын тазалау арқылы биогаз одан

Салтанатты шарала сөз алған өңір басшысы көріз суының мәселесі әрдайым ірі мегаполистердің күн тәртібінен түспегенін, сондықтан бұл жобаның жүзеге асырылуы Шымкент қаласының тарихында айтулы күн боп қалатынын жеткізді. Сондай-ақ «жасыл экономикаға» көшу жөніндегі Елбасы тапсырмасының орындалғанын айғақтайтынын атап өтті.

сағатына 400 кВт электр энергиясы өндірілуде. Бұл энергия компанияның электр қуатына деген сұранысының 50 пайызын



кейін егістікті суаруға пайдаланылмақ. Қоймалардағы судан сағатына 200 кВт электр қуатын өндіретін гидростанса да салыну үстінде. Жобаның екінші кезеңі іске қосылса, компания электр қуатына деген қажеттілігінің 80 пайызын өзі өндіруге мүмкіндік алады. Сонымен қатар екінші кезең аясында 50 мың текше метр көріз суын тазалайтын қондырғы орнатылып жатыр.

Анарбек Орманның айтуынша, компанияның қолға алып отырған бұл жобасы өзін-өзі 15 жылда толық ақтайды.

Жалпы, облыста жалпы қуаты 189,9 мегаватт болатын 14 жоба іске асыру жоспарланып отыр. Бүгінге дейін оның төртеуі іске асты. Жыл соңына дейін Қазығұрт ауданында Достық шағын су электр стансасы іске қосылады. Бұдан бөлек, Сарыағаш ауданында Жылға ауыл округінде қуаты 20 МВт «Жылға», Мақтаарал ауданы Жетісай қаласының маңында қуаты ,0 МВт екі күн электр стансасының құрылыс жұмыстары басталды.


Сабырбек ОЛЖАБАЙ,
Оңтүстік Қазақстан облысы

Энергетика

Әлемде гидроэнергетика ресурстарына деген сұраныс күн сайын артып келеді. Су энергиясының потенциалы жағынан еліміз Орталық Азияда алдыңғы орында тұр. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасы берген ақпаратқа сүйенсек, аймақтағы энергия көздерін ашу, қайта қалпына келтіру, дамыту бағытында бірқатар жұмыс атқарылған. Үкіметтің 2013 жылғы 25 қаңтардағы №43 қаулысымен бекітілген «Қазақстанда баламалы және жаңартылған энергетиканы дамыту жөніндегі 2013-2020 жылдарға арналған іс-шаралар» жоспарына сәйкес, инвесторлар тарапынан 12 жаңартылған энергетика жобасын жүзеге асыру жоспарланған. Оның ішінде 2 күн электр стансасы, 8 су электр стансасы және 2 жел электрстансасы бар. Жоспарланған мерзімде соның бірқатары іске қосылды. Солардың ішінде Сарқан ауданындағы «Жоғарғы-Басқан» ГЭС-і пайдалануға берілсе, алдағы уақытта «Лепсі – 2» СЭС-інің бірінші торабы қосылмақ. Біз Сарқан ауданындағы іссапарымызда аталған СЭС-тің жұмыс ауқымымен танысып, оның өңір дамуына тиігізетін пайдалы тұстарын бағамдадық.

Сарқан ауданында басын таудан алатын ағысы қатты бірнеше өзен бар. Оның суы негізінен егістік жерлерді суаруға жұмсалып келді. Соңғы кездері бұл өзендерге су электр стансаларын салу қолға алынып, екі нысан бой көтеріп үлгерді. Осы екі су электрстансасы алдағы уақытта 21 МВт ток өндіретін болады. Мұның өзі, біріншіден, инвестиция, екіншіден, жаңа жұмыс орны, үшіншіден, арзан қуат көзі болып табылады. Расында, Балқаш көліне құятын өзендердің ішінде Лепсінің ағысы қатты. Бастау көзін Жетісу Алатауының күз-шатқалдарынан алатындықтан, одан қуаттылығы жоғары электр энергиясын алудың мүмкіндігі мол екендігі бұрыннан белгілі. Әйтсе де, бұл жұмыс тек 2013 жылы ғана жеке инвесторлардың қаржысымен қолға алынды. Қойлық ауылының іргесінен орын алған нысан – облысымыздағы «Мойнак» СЭС-інен кейінгі қуаттылығы жоғары су электр стансасы. Таудың жартасты беткейіндегі су қоймасы жер бетінен 10 метр биіктікке орналасқан. Ал жер астына жеті метр тереңдікке орналастырылған станса құрылысының сапалы салынғаны бірден байқалады.

Мұндағы техникалар тұтастай компьютермен басқарылады. Жалпы төрт генератордан құралған. Оның үшеуі 4850 КВт, ал біреуі 2500 КВт ток өндіреді. Оның жұмыс барысы өте күрделі. Атап айтсақ, су қоймадан қакпа



□

Өнер

Қазақстан мәдени саясатының тұжырымдамасында «Қазақстанның музыкалық мәдениетінің бай мұрасын сақтап қалу және дамыту үшін композиторлар мен дәстүрлі және классикалық музыка орындаушыларын, дарынды халық орындаушыларын қолдау жөнінде пәрменді шаралар қажет. Қазақи



дәстүрлі музыка мәдениетінің түрлері мен жанрларын сақтау материалдық емес мәдени мұраны қорғау туралы халықаралық конвенцияны іске асыру шеңберіндегі басым міндет болып табылады» — деп жазылған.

Алатаудың аспанын жырга көмген этнофестивальде Сыр, Орал, Маңғыстау өңірінің жыраулық өнерінің хас шеберлері, бүгінгі қазақ жыршыларының ақсақалдары Хатимолла

Қазіргі таңда еліміздің экономикасы электр тұтыну көлемінің орташа алғанда жылына 5-7 пайызға өсуімен қарқынды дамып келеді. Еліміздің Үдемелі индустриалдық-инновациялық даму бағдарламасы бойынша электр энергетикасы саласында электр стансаларының қуатын арттыру, ұлттық және өңірлік электр тораптарын дамыту міндеті тұр. Бүгінгі күні Қазақстанда электр энергиясы саласын стратегиялық дамытудың нақты жоспары бар, онда салынған инвестициялардың деңгейіне қажетті жобалар бойынша нақты мерзімдері анықталған. Үкімет бұл жоспарды қолдап отыр. Сонымен бірге жобаларды іске асыру мерзімдеріне байланысты электр энергиясы саласының қарқынды дамып келе жатқандығын ескерсек, қазіргі күннің өзінде бұл саланы 2030 жылға дейінгі дамыту мәселелерін қарау қажет.

арқылы өтіп турбинаға келеді, су ағыны турбинаны айналдыра бастайды, турбина электр энергиясын өндіретін генераторды іске қосады, генератордан энергия электр желісі бойынша тұтынушыларға жөнелтіледі. Төменгі қабаттарға өрттен сақтану құрылғылары, генератордың майын ауыстыратын ТП20 май ауыстырғыш, генераторды сумен қозғалтатын биіктігі екі жарым метр құбыр, генераторды май және ауамен тоқтататын тежегіш құрылғысы, суды сыртқы каналға ығыстыратын сорғыш

көлемінде электр энегиясы біртұтас жүйе бойынша таратылды да, еліміз тәуелсіздік алған жылдары бұл жүйе бұзылды. Сөйтіп, бір мезгіл электр қуатына деген тапшылық тұрғындарды әре-сарсаңға салды. Еліміздің электр энергиясы саласындағы осы қиыншылықты шешу үшін 1997 жылы «KEGOC» АҚ құрылып, ауқымды жұмыстар атқара бастағаны анық.

Содан бері 20 жыл өте шықты. Алайда саусақпен санарлық жылдар аясында

ЖАҢҒЫРҒАН ҚУАТ КӨЗІ



«Оңтүстік өңірлерді электр энергиясымен қамтамасыз етудің сенімділігі мен тұрақтылығын арттыру үшін солтүстіктегі энергия артықшылығын оңтүстік өңірлерге аудару үшін жаңа электр беру желілерін салу қажет. Бұл Қазақстан Республикасының Бірыңғай электр энергетикалық жүйесін нығайтуға жәрдемдеседі»

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

атқарылған шаруа да аз емес. Басқасын айтпағанның өзінде, бүгінге дейін Ұлттық электр торабына (ҰЭТ) салынатын инвестиция көлемі 2 млрд долларды құрала. Сол қатарда «KEGOC» АҚ «30 корпоративтік көшбасшы» мемлекеттік бағдарламасының тізбесіне кірген және энергия тиімділігі мен торап жұмысының сенімділігін арттыруға бағытталған бірнеше ірі жобаны іске асыруда. Ұлттық электр торабын жаңғырту бойынша бірінші кезең іс жүзінде аяқталды. Екінші кезеңді іске асыру бағытында ауқымды жұмыстар атқарылуда.

Айталық, 2009 жылы KEGOC компаниясы ірі көлемдегі екі инфрақұрылымдық жобаны аяқтады — бұл Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші желісін салу және 500 кВ Жігіткара — Өлке желісін салу жобалары. Солтүстік-Оңтүстік транзитінің 500 кВ екінші желісін салу еліміздің оңтүстігіне электр энергиясын 600 МВт-дан 1259 МВт-ға дейін екі есеге арттыруға мүмкіндік берді және сол кезеңде орын алған Қазақстанның оңтүстігіндегі электр энергиясына деген аса тапшылықты жабу мәселесін шешуді қамтамасыз етті. Ал Жігіткара-Өлке желісін салу Ақтөбе энергия торабында қазақстандық электр энергиясына деген аса жетіспеушілік мәселесін шешті, сондай-ақ өңірдегі тұтынушылардың Ресейден

жеткізілетін электр энергиясына деген тәуелділігін тоқтатты. Сонымен бірге аталған жоба электр энергетикасы саласында алғаш рет концессиялық негізде іске асырылды. Сонымен қатар «KEGOC» АҚ «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «500 кВ «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік» ӘЖ транзитін салу» жобасын жүзеге асыруда. Бұл жоба екі кезеңнен тұрады. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына орай «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік» транзитінің 500 кВ әуе желісін, яғни 500 кВ «Екібастұз — Шүлбі ГЭС (Семей) — Өскемен» жоғары вольттық желілерін (ӘЖ) салу» жобасының бірінші кезеңін іске асыру жұмыстарын мерзімінен бұрын аяқтады.

Белгіленген уақыт ішінде сапалы атқарылуы тиіс міндеттер аз емес, әрине. Солардың қатарында «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында алға қойып отырған «Екібастұз-Семей-Өскемен» және «Семей-Ақтоғай-Талдықорған-Алма» бағыттарында жоғары вольтті желілер салу міндетін айтып өтпей болмайды. Аталған тапсырма тікелей «KEGOC» акционерлік



қағамының қызмет аясына жатады. Олай дейтінім, бұл жобалар 2014 жылы іске асырыла бастаған «Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік транзитінің 500 кВ-тық ӘЖ салу» ауқымды жобасының құрамдас бөліктері болып табылады. Жобамен жалпы ұзындығы 1700 шақырымнан асатын 500 және 220 кВ электр жеткізу желілері мен қуаты 500 кВ «Семей», «Ақтоғай» және «Талдықорған» қосалқы стансаларының құрылыстары қамтылады. Оған қосымша, жұмыс істеп тұрған 1150 кВ «Екібастұз», 500 кВ «Алма», дәл осындай кернеулі «Өскемен» және 220 кВ «Шүлбі ГЭС» қосалқы стансаларын кеңейту жоспарланып отыр.

Ең басты міндет — Алматы қаласы мен облыс тұрғындарын, ондағы өндіріс нысандарын электр энергиясымен тұрақты қамтамасыз ету. Айталық, Алматы облысын екі энергия торабы қуатпен қамтамасыз етеді. Оның бірі — Алматы қаласынан 45 шақырым қашықтықта орналасқан «Алма» қосалқы стансасы болса, екіншісі - 500 кВ «Алматы» қосалқы стансасы. Бұл жерде «Алма» қосалқы стансасының пайдалануға берілгеніне бірнеше жыл ғана болғандығын айтып өтпей болмайды. Бұрындары, яғни кеңес өкіметі кезінде салынған «Алматы» қосалқы стансасы шекті жүктемеде жұмыс істеді. Сол себепті 500 кВ «Алма» қосалқы стансасының іске қосылуы электрмен жабдықтау сапасын жақсарту тұрғысында бүкіл оңтүстік өңірі, бірінші кезекте Алматы қаласы үшін стратегиялық маңызға ие. Аталған станса пайдалануға берілмей тұрған кезде Алматы энергия торабындағы электр қуаты зәрулігінің 50 пайызға жеткендігі бұл сөзімізге жарқын дәлел бола алады.

«Алма» — Қазақстанның тәуелсіздігі жылдарында өз күшімен салынған 500 кВ кернеулі тұңғыш қосалқы станса. Нысанға «Сименс» фирмасының осы заманғы сандық қорғаныс құрылғылары, сонымен қатар Франция мен Испания, Қытай елдерінің заманауи құрал-жабдықтары қойылған. Бұған

дейін жүзеге асырылған жобалар бойынша қолданыстағы қосалқы стансалар кеңейтіліп қана келген болатын. «Мойнак ГЭС-і» шын мәніндегі ірі жобалардың біріне айналып, оңтүстік өңірді энергиямен жабдықтауды жақсарту мәселесінде аса маңызды рөл атқарды. Аталған нысаннан Шелек (*119 км*) ауылы мен Сарыөзек (*215 км*) ауылына 220 кВ кернеулі электр желілері тартылып, 220 кВ Шелек пен Сарыөзек қосалқы стансалары кеңейтілді. Мойнак ГЭС-інің ашық бөлу құрылғысының құрылысы жүргізілді. Мойнак ГЭС-і дүние жүзі бойынша жер астын ұңғылау әдісімен салынған үшінші су электр стансасы болып саналады. Белгіленген қуаты — 300 МВт. Осылайша алдағы уақытта Балқаш ЖЭС-інің бірінші кезегі (1320 МВт)

пайдалануға берілсе, Алматы энергетика торабы бойынша энергетика айналасын құру мәселесі толығымен шешілмек.

Осы тұста Шу қосалқы стансасы туралы да айта кету керек. Аталған нысанның рөлі Жамбыл ауданының Үлкен елді мекенінде, айдынды Көкше теңіздің жағалауында салыннып жатқан Балқаш жылу электр стансасының алдағы уақытта іске қосылуымен өлшеусіз арта түспек. Үлкен демекші, ол жерде де қуатты қосалқы станса жұмыс істейді. Айтпақшы, Талдықорған өңірін электр энергиясымен тұрақты жабдықтау мәселесі де ұдайы назарда. Мұнда кеңес дәуірінде салынған қосалқы стансалар мен электр желілерінің жабдықтары толық жаңаланды десе болады. Бұл өңірде 220 кВ кернеулі №152 қосалқы стансасы қызмет көрсетеді. Ұлттық электр желілерін жанарту бағдарламасы бойынша 2013 жылы 10 кВ кернеулі барлық электр құрылғылары толықтай ауыстырылды. 2013-2014 жылдары жоғары кернеулі автотрансформаторлардың тетігі жаңаланып, 110 кВ кернеулі реактор іске қосылды.

Бұл жерде айта кететін бір мәселе — бұрыннан жұмыс істеп келе жатқан осындай қосалқы стансалардың ескі жабдықтары түгелдей жаңартылып, оларға заманауи сандық қорғаныс құрылғылары, басқа да заманауи жабдықтар қойылған. Қазіргі таңда Ақтоғай-Талдықорған және Алма қосалқы стансалары аралығында 500 кВ кернеулі электр желісі салыну үстінде. Оған қосымша, 500 кВ кернеулі Талдықорған қосалқы стансасының құрылысы жүріп жатыр.

Жоғарыдағы жобалар толық аяқталғанда өңіріміздегі электр энергиясына деген тапшылық жойылады. Кез келген жағдайда электр қуатын толық пайдаланып, керекке жаратудың даңғыл жолы қалыптасарына сеніміміз мол.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

АЛАТАУҒА ЖЫР ЖАУДЫ

Бердіғалиев, Бидас Рүстембеков, Өсербай Сәрсенбаев бастаған жыршы-термешілерімізбен қатар, Өзбекстан, Түркімен, Карақалпақ елінен келген жыршылар да өнер көрсетті.

Сахнада Мұрат Мөңкенін «Үш қиян» дастаны, Сүгірдің толғауы, Нартайдың «Бастауы», Майлықожаның «Жаксы бір адам қартайса» термесі, Балтабасов Түменнің «Маңғыстау» дастаны орындалды. Өзбекстаннан келген Шодамон Хужамбердиевтің орындауындағы «Көрөғлы» дастаны, карақалпақстандық Бакберген Сырымбетовтің орындауындағы «Халық термесі көрермен көңілінен шықты. Түркіменстандық жыраулардың

орындауындағы «Көрөғлы» жыры атадан балаға мұра боп, бүгінгі заманға жеткеніне көрермен куә болды. Кешті ұйымдастырушылардың бірі — жыршы Ұлжан Байбосынова жобаның жүгі ауыр екенін айтты.

Ұ. Байбосынова «Жобаның салмағы онай деп айта алмаймын. Бұл жерден біріншіден, жобаның жауапкершілігі жоғары. Жыршылық, жыраулық өнердің қаншалықты

терең екенін жақсы білесіздер. Терең мағыналы сөздің салмағын жоғалтып алмай халыққа жеткізу — жобаның басты ерекшелігі әрі мақсаты. Екіншіден, бұл бүкіл өңірде сақталған жыршылық өнер ғой, соның барлығын қамту керек. Бірде біреуін қалыс қалдыруға болмайды. Барлық

қазаққа ортақ өнер болғандықтан, бүгінгі дүниедегі ұрпақтары, орындаушылары бұл жиында көрінуге тиіс. Жалпы, жыраулық өнер сақталған Батыс Қазақстан, Маңғыстау, Сыр бойын айтуға болады, сондай-ақ Жетісу, Арқа өңірінде бұл өнерді жаңғыртқымыз келеді. Бұқар жырау, Ақтамберді, Қазтуған сияқты батыр-жыраулардың қазынасын қайтадан халықтың құлағына жеткізіміз келеді. Жоғалтып алған мұрамызды тірітіп, барымызды басын біріктіріп, халқымызға жеткізсек дейміз. Елбасымыздың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы — басты темірқазығымыз. Сол бағдарламаны іске асыру бағытында, соның аясында кенжелеп қалған жыраулық, жыршылық өнерді жаңғыртсақ деген айқын мақсат бар.



жылына бір рет өткізу азық қылатынын айтып, жылына екі рет Астана күні және Тәуелсіздік қарсаңында өткізу қажеттігін тапсырды. Әкім «Жыршылық, жыраулық өнер сол мерекеміздің мақсатын, мүддесін ашады» — деп тапты. Расында, бұл өнер елдігімізді, қандай мемлекет, қандай ұлт екенімізді таныта біледі», — делі.

Садық АЛМАСҰЛЫ



«Нұрлы жол»

Бұқтырма, Өскемен, Шүлбі СЭС-тері өткен жылы 7,747 млн кВт сағат электр энергиясын өндіріпті. Электр қуатын өндіруші мекемелер өндірген электр энергиясының көлемі – 9,902 кВт сағат. Ал өңір тұрғындары 2016 жылы 8,030 млн кВт сағат электр энергиясын тұтынған екен. Облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы басқармасының берген осы мәліметтеріне сүйенсек, өңірдегі

көлемінде болып отыр. Мұның энергия өндіруші ұйымдарға бекітілген шекті тарифтің ең төменгі деңгейі болып саналатынын жеткізді «АЭС» Өскемен ГЭС» ЖШС атқарушы директоры Юлия Курий. Соңғы жылдары мамандардың айтуынша, елімізде энергия тапшылығы азайған. Шығыс Қазақстанда да солай екеніне көзіміз жетті. Оның басты себебі – жаз аптабы мен күз күйбеленінен

ШЫҒЫСҚА ЖАРЫҚ БЕРГЕН ЖОБА

СЭС-терден өндірілетін қуат көлемі облысты тұтас қамтамасыз ете алмайды. Сондықтан, энергия қуатының біраз бөлігін жылу электр орталықтарынан алуға мәжбүр олар. Мұның да жеткіліксіздігін ескерген «KEGOC» АҚ «Шығыс жүйе аралық тораптары» филиалы бас инженерінің орынбасары Асыл Уатханов «Облыс қазіргі уақытта 45 мВт электр

«Солтүстік-Шығыс-Оңтүстік 500 кВ транзиті қолданысқа енгізілгеннен кейін Қазақстанның солтүстігі мен оңтүстігі арасындағы электр беру желілері арқылы рұқсат етілетін ток ағыны шамамен 2100 МВт (шамамен жылына 14 млрд кВт*с) құрайтын болады»

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

энергиясын Екібастұздан сатып алып отыр. Егер өңірде күн суытып немесе қазандықтар істен шығып қалған жағдайда бұл көрсеткіш бұдан да жоғарылап кетуі мүмкін» – дейді. Ертіс өзені қазақ даласын қак жарып өтеді деуге болады. Оның бойында еліміздегі ең ірі Бұқтырма су бөгені жатыр. Өңірдегі СЭС-терде өндірілген электр қуаты қайда жұмсалды дейсіз ғой? Өскемен және Шүлбі СЭС-терінде өндірілген электр қуатының 77 пайызын «Шығысэнерготрейд» ЖШС мен «ШҚ АЭК» АҚ ұйымы халыққа жеткізіп отыр. Электр энергиясының елеулі бөлігін Өскемендегі Үлбі металлургия зауыты және Титан-магний комбинаты сияқты ірі кәсіпорындар тұтынады. Ал Бұқтырма СЭС-інде өндірілген электр қуатының негізгі тұтынушысы – «Казинк» ЖШС.

ЭНЕРГИЯ – ЕЛ ҚУАТЫ

Шығыс Қазақстанда электр қуатының бағасы еліміздің өзге облыстарымен салыстырғанда әлдеқайда арзан. Үш бірдей СЭС-і бар өңір үшін осындай бағаның болуы қалыпты жайт, әлбетте. СЭС-тер электр энергиясын өндірістік тұтынушыларға көтерме нарықта «KEGOC» АҚ, «АЭК» секілді энергия қамтушы ұйымдарға сатуға міндетті. Бұл туралы еліміздің «Электр энергетикасы туралы» заңында айтылған. Осыған сәйкес энергиямен қамтушы ұйымдар да халыққа электр қуатын сатуды жүзеге асырыды. Гидростансалар электр энергиясын көтерме нарықта мемлекет бекіткен шекті тариф бойынша сатылуы заңды екенін айттық. Ал Өскемен және Шүлбі СЭС-тері үшін 2015 жылдан 2018 жылға дейін қойылған шекті тариф 1 кВт сағат үшін 4,5 теңге

Атамыз өзен жағалағанның өзегі талмайды деуші еді. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында еліміздің Шығысында жүзеге асып жатқан энергетикалық жоба осы сөздің өміршеңдігін көрсетіп отыр. Өзен-көлге бай шығыс өлкемізде үш бірдей су электр стансасы (СЭС) бар. Алайда осы СЭС-терден өндірілген электр қуаты өңірдің сұранысын толық қанағаттандыра ала ма?

кезегінің құны – 43,3 млрд теңгеге жетіп жығылған. Екінші кезеңде ұзындығы 1000 шақырымға жуық «Шүлбі СЭС (Семей) – Ақтоғай – Талдықорған – Алма» желісін тарту жоспарланған. Мұны 2018 жылы

аяқтауды көздейді жоба жетекшілері. Екінші кезеңнің жұмыстарын аяқталған уақытта Ұлттық электр торабының «Солтүстік – Оңтүстік» бағытындағы транзиттік әлеуетін арттыруға мүмкіндік туындамақ. Сондай-ақ теміржолдардың электрлендірілетін телімдерінің электр энергиясына деген қажеттілігін өтегіп, кен өнеркәсібі нысандарының энергия сыйымдылығын қамтамасыз етіліп, шекаралас аймақтар мен жаңғырмалы энергия көздерін дамыту үшін қолайлы жағдай жасалатынын жасалатынын

айтады «KEGOC» компаниясының өкілдері.

– Солтүстікте ірі стансалар бой көтерді. Электр қуаты тапшы өңірлердің сұранысын өтеу үшін 1980 жылдары Солтүстік – Оңтүстік транзиті салынған болатын. Оңтүстік өңірлердің қарқынды дамуы мен сұраныстың артуына байланысты 2009 жылы «KEGOC» АҚ-тың қатысуымен пайдалануға берілген оның екінші тармағы қуаттылығын 1350 мВт сағатқа дейін ұлғайтты. Алайда ел экономикасындағы тың серпіліс мұның жеткіліксіз екендігін аңғартты. Сондықтан, Мемлекет басшысы «Нұрлы жол – болашаққа бастар жол» атты Жолдауында энергиямен жабдықтауының сенімділігін арттыру үшін еліміздің шығыс және оңтүстік өңірлеріне қосымша желілер салуды тапсырған болатын, – деген Энергетика министрлігінің электр энергетикасы департаментінің директоры Бауыржан Сәрсеновтің сөзі болашақ еншісіндегі біраз игі істің астарын аңдатқандай. Осы бастамалардың барлығы еліміздің біртұтас электр жүйесі байланысын бекіте түсуге сүбелі үлес қоспақ. Шығыс Қазақстанда жүзден астам өзен-көл мен жоғарыда атап



өткен, үш су электр стансасы бар екенін ескерсек, өңірдің «Нұрлы жол» бағдарламасының өзегі болуға толықтай әлеуеті жетеді деп білеміз.

Оразай ЖЕНІСҰЛЫ,
Шығыс Қазақстан облысы

Серпін

Ақтауда алғаш рет «Қазақстан Республикасында битум өндіру және жүзеге асыру» тақырыбында тұңғыш рет ғылыми-техникалық конференция өтті. Өндірісті өлкеміздің өркендеуіне өң берген «Каспий битум» зауыты мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ» бірлесе ұйымдастырған алқалы жиынға битум өндірісі саласындағы кәсіпорындар, ғылыми-зерттеу орталықтардың мамандары, жоғары оқу орындары өкілдері және шетелдік инвесторлар қатысты.

БИТУМ ӨНДІРІСІ ЖАҢҒЫРА ТҮСТІ

Энергетика министрлігінің қолдауымен өткен жиынға қатысушылар битум өндіру саласына жана технологияларды енгізу, халықаралық тәжірибені зерделеу, өндіріс қуатын еселеу жолдарын қарастыру сынды өзекті мәселелерді ортаға салды. Мән-мәнізы зор басқосуға қатысқан облыс әкімі Ералы Тоғжанов отандық тауардың нарықтағы үлесін арттырып, көкжиегін кеңейте түскен «Каспий битум» зауытының бүгінгі тыныс-тіршілігі мен келешегіне тоқталды.

– Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың тапсырмасымен «Үдемелі-индустриалды-инновациялық даму» мемлекеттік бағдарламасы дем берген өндіріс орны басқа кәсіпорындарға



үлгі. Кәсіпорын жол құрылысына қажетті өнімнің жана үлгісін өндіріске енгізді. Осыдан 4 жыл бұрын ашылған зауыт аз уақыттың ішінде жоғары өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізді. Мәселен, зауыт бастапқыда 50-60 мың тонна өнім шығарса, биылғы жыл басынан бері 230 мың тонна жол битумын өндіру деңгейіне жетті. Ақтау зауытының битумы барлық көрсеткіштері бойынша мемлекеттік стандарттар талабынан жоғары және ең үздік халықаралық үлгілерге сәйкес екенін ерекше атап өткім келеді, – деді аймақ басшысы Ералы Лұқпанұлы.

Бүгінгі таңда аталған зауыт өнімдері «Нұрлы жол» мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік жолдарына, «Шымкент – Қызылорда», «Астана-Павлодар», «Астана-Теміртау», «Атырау-Ақтау» бағытындағы республикалық маңыздағы көлік жолдарына төсеу үшін кенінен пайдаланылуда. Ғылыми-техникалық жиын барысында энергетика министрлігінің мұнай-газ, химия департаментінің директоры Ахсат Ғалымұлы елімізде битум өндірісін қуаты жылына 1 миллион тоннадан асатынын жеткізді.

– Елімізде Ақтау, Павлодар, Шымкент пен Алматы қалаларында 4 ірі битум зауыты жұмыс істейді. Биыл ішкі нарықта битум өніміне деген сұраныс көлемі 600 тоннаны құрады. Келесі жылы сұраныс көлемі 800 тоннаны құрайды деген болжам жасалып отыр. Яғни ішкі нарықта битум өніміне аса тапшылық жоқ. Ақтаудағы мұнай-битум зауыты іске қосылғалы бері өзіміздің ішкі нарықтың қажеттілігін толықтай өтеп отырмыз. «Каспий битум» зауытының өнімі Батыс, Солтүстік Қазақстан және Қызылорда облыстарына жөнелтіледі. Бүгінгі таңда сұйық пен қатырылған және түрлендірілген битум өндірісін дамыту мәселесі өзекті болып тұр. Түрлендірілген битумды тәжірибе жүзінде жолға

төсеу жұмыстарын бастау бойынша келіссөздер жүргізіліп жатыр. Битумды экспортқа шығару мақсатында БАЖ салығының көлемі азайтылған болатын. Осы жылдың алғашқы 10 айындағы ақпаратқа сүйенсек, 86 мың тонна битум экспортқа шығарылған. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда 6 есеге артық. Битумның басым бөлігі Өзбекстан мемлекетіне экспортталады», – деді Ахсат Хасенов.

Битум өндірісін ынталандыру, оны сақтау мерзімін ұлғайту,

маңызды кәсіпорын. Зауыттың құрылу тарихымен де етене таныспын. Қытайлық инвесторлармен бірлескен жоба аясында бой көтерген кәсіпорын үлкен көлемде жол битумын шығарып отыр. Жол салу саласы мамандарының пікірінше, битум өніміне еліміздің ішкі нарығында мұқтаждық туындап отырған жоқ. Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты битум өнімінің сапасын қалағалап, үздіксіз мониторинг жасап келеді. Битум сапасын арттыру бойынша ұсыныстар да айтылды. Бүгінгі конференцияға өзге елдерден де мамандар келіп, өзіндік тәжірибелерін бөлісуде, – деді Қазақстан жол ғылыми-зерттеу институты президенті Б.Телтаев.

«Көлік-коммуникациялық, энергетикалық, әлеуметтік және тұрғын үй-коммуналдық салаларды дамыту құрылыс материалдарына, өнеркәсіп өніміне және жабдықтарға айтарлықтай сұраныс туындатады, бұл дамыған индустриялық инфрақұрылымның жұмыс істеуін талап етеді»

(«Нұрлы жол» инфрақұрылымды дамытудың 2015-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасынан)

Аукымды іс-шараның өтуіне мұрындық болған «Каспий битум» зауыты алдағы даму жоспарымен бөлісіп, конференция қонақтарын

өндіріс алаңына алып барды. Битум өндірісі ошағын көзбен көріп, үздіксіз үрлісті үзбей тамашалаған қатысушылар тәжірибісімен бөлісті.

– Жыл сайын өндірістік жоспарды өзіндік деңгейде іске асырып келеміз. 250 тоннаға жуық жол битумын өндіріп, шамамен 650 тонна шикі мұнай өнімін өңдедік. Бұл көрсеткіш өткен жылмен салыстырғанда екі есеге жоғары. Қорыта айтқанда, биыл өте жоғары деңгейде өнім нәтижелілігін көрсеттік. «Каспий битум» зауыты 1 млн тоннаға дейін шикі мұнайды өңдеуге, 420 тонна жол битумын, 120 тонна түрлендірілген битум өнімін өндіруге қауқарлы. Жұырда зауыт алғаш биг-бэгтегі жол битумының 60 тонна көлемінде алғашқы легін экспортқа шығардық. Биг-бэг – бұл сыйымдылығы 1000 келіге дейін, өнімді кез келген температурада тасымалдау мен сақтауға мүмкіндік беретін, бір рет пайдаланылатын арнайы тасымалдау ыдысы. Дәл осы тәсілмен көршіміз Қытай еліне экспортталды, – деді «CASPI BITUM БК» ЖШС директорының орынбасары Сәкен Өтелбаев.

Оның айтуынша, қытайлық компаниямен әріптестік нәтижесінде зауыт жоғары сапалы өнімді тек Орталық Азия елдеріне ғана емес, сонымен қатар Қытайға экспорттау мүмкіндігіне ие болды.

Жиын соңында «Каспий битум» зауыты мен Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік университетінің басшылығы ынтымақтастық туралы

меморандумға қол қойды. Келісім аясында оқу орнының жанында кәсіпорынға мамандар даярлау мен қайта даярлауды ұйымдастыру, зауыт мамандарын оқыту, технологиялық стартаптарды қалыптастыруға



жаңа химиялық қоспаларға деген сұранысты қалыптастыру мәселелері талқыланды.

– «Каспий битум» зауыты – еліміздің жол саласы үшін өте

мүмкіндік туғызу және мұнай өндіру саласында ғылыми-зерттеулерге жағдай жасау жоспарланған.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Сурет: Серік МАЙЕМЕРОВ

Қолдау

Бір ғана Алматы қаласының өзінде бағдарлама аясында кең көлемдегі қаржылай қолдау шаралары қарастырылған.

Бүл инвестициялык субсидия, сыйакы мөлшерлемесін субсидиялау және ауыл шаруашылығын өнімнің құнын қадағалау. Мұндағы басты мақсат – агроөнеркәсіптік кешен бөсекке қабілетті бола отырып, тұрғындарға сапалы әрі экологиялық таза, қолжетімді тағам түрлерін ұсыну болып табылады. Азық-түлік өнімдері қоғамда әлеуметтік маңызы бар қажеттілік деп айтуға толық негіз бар. Ал бұл бағдарлама 2013 жылға дейін іске асқан және осы саланы дамытуға бағытталған «Агробизнес-2020» бағдарламасының жалғасы ретінде жасалып жатқан жұмыстық жүйе. Жобаның өзі ең алдымен қаржыландыруға көзделді. Өткен жылы алып шаһарға 3,1 млрд тенге бөліне, биыл 3,2 млрд қаржы құйылған. Алматы қаласы ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы, тамақ өнеркәсібі бөлімінің басшысы Дамир Тазабектің айтуынша, отандық өнім өндірушілеріне көрсетілетін көмек жыл сайын жоғарылай түсуде. Ол «Инвестициялық субсидияға өткен жылы екі компания жанаңтылып, біреуі жанадан іске қосылды. Соның бірі – Түрксіб ауданында орналасқан «Алтын діірмен» құрамажөм зауыты. Ал «Цин-Каз» ЖШС-нің зауыты көкөніс салаттарын шығару жұмысын жалғастыра отырып, екініші соя тұздығын даярлайтын кәсіпорынды ашты. Бұл отандық өнімді сілімздің кез келген дүкендерінен көре аласыздар. Сонымен қатар Алатау ауданындағы үлкен өнеркәсіптік аймақта «BRB APK» ЖШС жылыжай кешені ашылды. Жылыжайдың жалпы аумағы 12 гектар. Мұнда қызанақ пен

Елбасы биылғы Қазақстан халқына Жолдауында аграрлық сектор экономиканың жаңа драйверіне айналуы керектігін айтқан еді. Сондай-ақ әлемде ірі аграрлық экспорттық өнім өндірушілердің бірі бола алатынымызды және агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор екеніне мол сеніммен қарайтынын жеткізді. Нәтижесінде «Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған» мемлекеттік бағдарламасы құрылды. Осыған байланысты бүгінде еліміздің түкпір-түкпірінде жан-жақты жұмыс жүргізіліп келеді.

құрудың, оның ішінде инвестициялық қобаныш шеңберінде жабдықтарды орнату үшін қубын 20-дан 80% –ға дейін шығындарының бiр бөлiгiн өтеу болып табылады. Ал, екiншiден, агроөнеркәсiптiк кешен субъектiлерiн қаржылық сауықтыру бағыттары бойынша кредиттiк және лизингтiк мiндеттемелер бойынша пайыздық мөлшерлемесiн субсидиялау *(қарыз алушының кредиттiк, кредиторлық, лизингтiк мiндеттемелерiн қайта құрылымдау және қайта қаржыландыру. Субсидиялау пайыздық мөлшерлемесiн жылғына 7% деңгейге, ал шетел валютасында 5%-ға дейiн төмендету жүзеге асырылады. Мұнда 9 жылға дейiн қайтару уақыты қорықылған.*

2017 жылы бөлінген қаражат («MS» ЖШС, «Қазагрохолдинг», «Хлебный Дом-Тандыр», «Вандербик»,

өтімді, табиғи өнімді өзіміз өндіруге бүгінде мүмкіндік мол дейді. Сондай-ақ ол «Құрамажем шығаратын «Алтын диірмен» зауыты қаланың фермерлеріне емес, жанымыздағы аудандарға өте қажет дүние. Сол себепті де өндірушілер осы жерден құрамажем жасап, жан-жақтағы аймақтарға сатылымға жібереді. Бұған қоса, ірі қант өндіруші «Центральноазиатская Сахарная корпорация» ЖШС, «МаслоДел» кәсіпорны, «ЭФКОАлматы» ЖШС, «Молочный завод Солнечный» ЖШС, «МПЗ Бижан» ЖШС өнеркәсіптері де бағдарлама шеңберінде мемлекеттік көмекті ала алады. Міне, осындай қаржылай қолдаудың арқасында отандық өнім нарықтағы бәсекелестермен тенесе отырып, өз өнімімізді, яғни табиғи өнімнің құндылығын сақтап қалады. Мысалы, біздің көршілес елдер Ресей, Белоруссия мен Қырғызстан

Жұмыспен қамту

Президент Нұрсұлтан Назарбаев өзінің халыққа арнаған биылғы Жолдауында «Үкімет жұмыспен қамту

орталықтарын реформалап, барлық бос жұмыс орындары мен бүкіл елді мекендерде бірыңғай онлайн платформа қалыптастыруы қажет» деп атап көрсетті. Елбасы сонымен қатар 2050 жылға дейін еліміздің жалпы ішкі өніміндегі шағын және орта бизнестің үлесін 50 пайызға арттыру қажеттігіне тоқталып, нақты тапсырмалар берді.

Алға қойылған міндетті орындау мақсатында, сондай-ақ «Нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған бағдарламасы» шеңберінде Алматыда бірінші шаруа қолға алынды.

Статистикаға сүйенсек, биылғы жылдың I шілдесінде өңтүстік астандағы тұрғындар саны 1772,8 мың адамды құрады. Оның ішінде жұмыс күші – 936,1 мың, жұмыспен қамтылғаны – 886,4 мың адам. Жалдамалы жұмысшы 818,6 мың болса, өзін-өзі жұмыспен қамтитындар саны 67,8 мыңға жетіп қырылады. Жұмыссыздар – 49,8 мың.

Аталган бағарлама шеңберінде, техникалық және кәсіби білім беру бойынша 2500 тұрғынға алғашқы бағыт көрсетілді. Техникалық және кәсіби білім беретін 24 колледжде *(17-мемлекеттік, 7 жеке)* кәсіби жұмыс бойынша қосалқы білім беру бағыты қолға алынды. Қазіргі таңда аса қажетті мамандар: автослесарь, металл жонушы *(токарь)*,

АЛЫП ШАҺАРДА

ЕКІ ҚОЛҒА БІР КҮРЕК ТАБЫЛАДЫ

электрик, электромонтер, газ-электр дәнекерлеуші, құрылыс шебері, жиһаз құраушы, жалпы құрылыс шебері, кабелші және тағы басқа да көптеген мамандықтар бойынша бағдарламаға қатысушылар оқытылды. Үстіміздегі жылдың 1 қыркүйегінен бастап 2500 азамат аталған мамандықтарды игеру мақсатында оқуды бастады. Бүгінде олардың 2484-і көсібі білім алуды жалғастыруда.

Қысқа мерзімді кәсіби білім берудің қосалқы үлгісімен 6975 түлек оқуын аяқтады. Бастапқыда еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің келісімімен 3000 адамға қамту жөнінде нақты жоспар құрылған болатын.

Айта кеткен жөн, бытырғыш жылы кәсіби білім беру курстарының жұмысы мардымды болмады. Сондықтан биыл жұмыс берушілердің арнайы тапсырысымен ғана қажетті мамандар тізімі жасалды. Бұдан басқа, оқу бағдарламасына кәсіпкерлік, ағылшын тілі, компьютерлік сауат негіздері бойынша Алматы қалалық кәсіпкерлер палатасымен келісіліп, негізгі модуль ретінде енгізілді.

Жұмысшы маманын дайындау үшін «Казнепром» арқылы «Шебер» оқу орталығы, «Алматыэлектротранс» ЖШС арқылы құрылған оқу орталығы, «Перспектива» колледжі, «Рахат» пен «Ақсай-нан» мекемелері үшін оқу орталығы, «Трест Средазнергомонтаж» АҚ бөлімшесінің оқу-курстық комбинаты, DSN STUDY оқу-өндірістік орталығы жұмыс істейді. Оқуды бітіріп шыққандар жұмыспен қамтылады.

Екінші бағыт шеңберінде 227 жұмыссыз бен өзін-өзі жұмыспен қамтитын жандарға шағын несие беру көзделген. Бұл бағыттағы бағдарламаны әрі қарай жалғастырып, игілікке айналдыру ісін Алматы қаласы әкімдігі, ұлттық



экономика министрлігі және қаржы министрлігі үш жакты келісімге кол қою аркылы жүзеге асыру жоспарланған. Сонымен қатар мұндай келісімге Алматы қаласы әкімдігі мен «Даму» ҚДҚ» АҚ да кол қойды. Бағдарламаға әлеуетті қатысушылар саны 1789 адаммен толықты.

Үшінші бағыт шеңберінде жұмыс іздеуші азаматтарды, жұмыссыздарды жұмыспен қамту жағы қарастырылды. Оған тұрақты және уақытша жұмыспен қамту бойынша қоғамдық жұмыс, жастар тәжірибесі, әлеуметтік жұмыс орындары кіреді.

Жыл басынан күні бүгінге дейін тұрақты және уақытша жұмыс орындарымен 16 106 адамға көмек көрсетілді. Оның ішінде тұрақты жұмыс орнына – 12 157, ал уақытша жұмыс орнына – 3921, қоғамдық жұмысқа 2447 адам жұмылдырылды. Сондай-ақ әлеуметтік жұмысқа – 547 тұрғын, жастар тәжірибесі саласы бойынша 955 адам жұмысқа кірісті.

Гүлнафис ЖАРМҰХАНБЕТОВА
Алматы қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік
бағдарламалар басқармасының баспасөз хатшысы

АГРОКЕШЕН: ТАБИҒИ ӨНІМ ҚОЛЖЕТІМДІ

қияр өсіріліп, тұтынушыға тұрақты бағада сатып алуына ықпал етеді. Қыс мезгілінде көкөніс бағасының сатылымда-
тым шарықтап кететіні белгілі. Ал біздегі азық-түлік,
яғни өзімізде өсірілген өнім барынша бағаны ұстап тұруға
жағдай жасайды» – дейді.

Қазір қаржылай көмек, яғни мұнда субсидиялау бойынша 6 өтініш келіп түскен. Астық нарығына қатысушы кәсіпорындар барлық талапқа сай болса, материалдық жағдайды жақсарту үшін мемлекеттік қолдау көрсетіледі. Бұл нарық еліміз үшін де өте маңызды. Тамақ өнімдерін қайта өңдеу кәсіпорындары үшін пайыздық мөлшерлемені субсидиялауға арналған бағдарлама бар. Оның 7 пайызы тенге, 5 пайызы шетелдік валютамен теңестіріледі. Ағымдағы жылы 6 қатысушы қатысып, 14 өтініш мақұлданған екен. Ал тағы төртөуі қазір қаралымда. Осылайша ірі мегаполис жалпы ауыл шаруашылығы бойынша өнім өндірушілерге қолайлы жер болып табылмаса да, мол мүмкіндіктер қарастырылғанын байқауға болады.

Сонын бірі – қаладағы бау-бақша мен жылыжай кешені. Осыған байланысты біраз жұмыстар да қолға алынған. Бұл жобаның барлығы біздің бөсекке қабілетті болуға, жана нарықты дамытуға, экспортты арттыруға көмектеседі. Бұған қоса, Мемлекет басшысының еңі қалалардағы агроөнімдер белдеуін құру саясатын жүзеге асыру болып табылады. Яғни мегаполисті агроөнімдермен қамтамасыз ету және көкөніс бағаларын тұрақтандыру сынды стратегиялық мәселелерді шешеді. Азық-түлікті тікелей сауда желілеріне жеткізу және сатып алушылардың сапалы өнімді таңдау алышшарттарын құруға өз үлесін қосады.

АГРОКЕШЕННИҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

Қазақстанның Агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес, Алматы қаласының ауыл шаруашылығы және ветеринария басқармасы төрт негізгі бағытта жұмыс істейді: Біріншіден, агроөнеркәсіптік кешен субъектісі инвестициялық салымдармен (*агроөнеркәсіптік кешенде жана және кеңейтілген қолданыстағы өндірістік қуаттарды*

«Leader Invest Company») бекітілген осы компанияларды қолдауға жұмсалды. Ушіншіден, субсидиялық пайыздық кредиттер бойынша өтімдер, сондай-ақ технологиялық жабдықтар және ауыл шаруашылығы техникасының лізингі *7 пайыздық төгемген және жылына 5%-ға шетел валютасында мөлшерлемені төмендету арқылы өсірілді.* Келісім келесі қатпарларға сай болуы тиіс: Қалыпты сыйақы мөлшерлемесі 19%-ға дейін жылдық төгемге және 10%-ға жуық шетел валютасында болып, тағайындалған мақсаты бойынша айналымдағы қаражатты толықтыратуы шарт. Қарыздың мерзімі 12 айдан аспауы керек. *Сыйақы мөлшерлемесі мемлекеттік немесе бюджеттік бағдарламалар бойынша субсидияланбауы тиіс. Қаржыландыру көзі Ұлттық қордан немесе бюджет қаражатынан болмауы қажет.* Төртіншіден, *аэропорткәсіптік кешен субектілерінің қарыздарын кепілдендіру және сакандыру аясындағы субсидия (кепілдік немесе сакандыбұры сыйақысы комиссияның шығындарының 50%-ын өтеу) қажеттігі көрсетілген.*

АГРОКЕШЕН БИЗНЕС ҮШІН ТАРТЫМДЫ САЛАҒА АЙНАЛДЫ

Бүгінде агроөнеркәсіп кешенінің болашағы зор. Кез келген бизнеспен айналысқысы келетін жан үшін елімізде барынша жағдай жасалынып, мол мүмкіндіктер ұсынылуда. Бұған қоса, көптеген мемлекеттік қолдау қарастырылған. Бұл мемлекеттік көмек қазірдің өзінде «BRB АРК» ЖШС, «Цин-Каз» ЖШС және «Алтын диірмен» корпорациясы» АҚ тағайындалған. Осы орайда кез келген кәсіпкер инвестициялық субсидия, пайыздық мөлшерлемесін субсидиялау, ауыл шаруашылығы өнімдерінің құндылығын арттыру мақсатында қаржылай көмекке қол жеткізе алады. Мұндай қолдаудың арасында біздің отандастарымыз сапалы, экологиялық таза өрі қолжетімді өнімдерді тұтынатын болады. Бұған қоса, қалада инвестициялық жобаларды іске асыру үшін барлық, қолайлы жағдай жасалған 490 гектар алаңы бар өндірістік аймақ жұмыс істейді. Ең үлкен «BRB АРК» ЖШС жылжымайтын өсімдік орналасқан. Тағам өнеркәсібі бөлімінің басшысы Дамир Тазабек



Салтанат ШЫРЫНХАН,
Алматы қаласы

Сәті түскен сұхбат

ЖАРНА КІМДЕРГЕ ТӨЛЕНЕДІ?

— Медициналық сақтандыру дегеніміз не және жана жүйені енгізу қандай қажеттіліктен туындап отыр?

— Президент Нұрсұлтан Назарбаев бекіткен «Ұлт жоспары» бағдарламасында «Аурулардың сыртқы белгілерін, сылап-сипап қою емес, оларды жүйелі емдеу» болып есептелетін қоғам мен мемлекетті түбегейлі қайта өзгертудің негізін қалау деп аталатын бағыт бар. Аталмыш жоспардағы 80-қадамда — «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды енгізу» мәселесі нақты көрсетілген. Бұл нені білдіреді?

Медициналық сақтандыру — денсаулық сақтаудағы халықтың мүддесін әлеуметтік қорғаудың тиімді түрі болып табылады. Адам медициналық көмекті қажет еткенде жүйе бойынша жиналған қаржы кепілдік болады. Қарапайым тілмен айтқанда, әлеуметтік медициналық сақтандыру қорындағы жиналған қаражат азаматтардың тегін медициналық көмек алуы үшін жұмсалды. Бұрын мемлекет есебінен жүзеге асырылған тегін медициналық қызмет түрлері аталған сақтандыру жүйесі арқылы орындалмақ. Зейнеткерлерге, еңбек жасына толмаған азаматтарға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға қызмет тегін көрсетіледі. Бұл жүйе кез келген тұрғынды медициналық сақтандырумен қамтамасыз етеді. Оның маңыздылығы да сонда.

— Жұмыссыздар немесе өзін-өзі жұмыспен қамтығандар бағдарламаға қатыса ала ма?

«ЖАҢА ЖҮЙЕ – САПАНЫ АРТТЫРАДЫ»

— Келісімшарты жоқ адамдардың мәртебесі жұмыссыз немесе өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар санатына жатқызылады. Егер азамат өзін-өзі жұмыспен қамтыған жағдайда, медициналық сақтандыру жарнасын «Қазпошта немесе екінші деңгейлі банктер арқылы ай сайын төлеп отыруға міндетті. Айына төленетін жарна көлемі — 1445 теңге. Бұл ең төменгі жаалақ мөлшерінің 5 пайызынан шығарылған сома. Ал адам жұмыссыз болса, онда жергілікті жұмыспен қамту орталығына тіркеуге тұруы тиіс. Сол кезде оған жарна үкімет тарапынан төленеді.

ҚАНДАЙ ҚЫЗМЕТТЕР ТЕГІН КӨРСЕТІЛЕДІ?

— Жалпы, қордың қаражаты қандай көздерден толығады? Жүйе аясында қандай қызмет көрсетіледі?

◆ ТАҚЫРЫПҚА ОРАЙ

ОРТАҚ САЙТЫ АШЫЛДЫ

Аймақтағы медициналық мекемелерде бәсекелестік орта қалыптастыру және жариялылықты қамтамасыз ету мақсатында Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасы бірыңғай сайт ашты.

Ортақ базада өңірдегі барлық ауруханалар мен емханалардың жұмысы, денсаулық сақтау саласындағы жаңалықтар, дәрігерлердің қабылдау уақыты туралы толық ақпарат бар.

Сонымен қатар тұрғындар алдын ала тіркелу арқылы өзі қалаған дәрігерге электронды жүйе арқылы қабылдауға кезекке тұрады. Ал кері байланыс жүйесі науқастардың дәрігерге немесе медициналық мекемеге деген пікірін білу арқылы, салаға сараптама жүргізуге арналған. Көз көлген емделуші көрсетілген қызметке көңілі толған немесе толмағандығын өнді онлайн режимде жеткізе алады.

Атырау облыстық денсаулық сақтау басқармасының өкілі Нұрлыбек Темірхановтың айтуынша, мұнайлы аймақта 36 медициналық мекеме бар. «Медициналық мекемелердің арасында бәсекелестік орта қалыптасады. Және де рейтинг қалыптасады. Осы 36 мекеме бір-бірімен жарысып, ашық ортаға жиналады. Қандай мекеме қанша қаржы жұмсады, қандай деңгейде жұмыс істеп жатқанын халық біліп отырады», — дейді ол.

— Сақтандыру аясында емдеу, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету, амбулаторлық көмек тегін көрсетіледі. Қор әр азаматтың жарнасынан және жұмыс берушілердің табысы есебінен пайыздық мөлшерлеме төлеу жолымен толығады. Қазіргі таңда үкімет тарапынан жарна төлейтін тұлғалардың мәртебелерін және санын анықтау жұмысы жүрде. Әр азамат өзінің мәртебесін үкімет порталы арқылы немесе медициналық мекемелер көмегімен анықтай алады.

— Міндетті медициналық сақтандыруға жарнасы аударылған қаражат иесі қызметті жыл ішінде пайдаланбаған жағдайда, қордағы қаржы келесі жылға ауыса ма, әлде басқа қажеттіліктерге жұмсала ма?

— Қорға аударылған қаржы қайтарылмайды. Сондай-ақ жарна келесі жылға да ауыспайды. Қаржы күрделі ауру түрлеріне жұмсалды. Бұл жерде сақтандыру пакетінің қымбат зерттеулерді де қамтамасыз ететінін ескергеніміз жөн.

— Егер науқас басқа қаладан ем алатын болса, жарнаның төленген-төленбегендігі туралы ақпаратты қайдан ала алады?

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі көңілден шыға ма? Саладағы реформда нендей мәселелерге назар аударған жөн? «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасы бойынша қандай жұмыс атқарылып жатыр? Атырау облысы денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мәнишк Айтмұрзиевамен арадағы сұхбат осы бағытта өрбиді.



— Жеке басты куәландыратын құжатта әр адамның ЖСН нөмірі жазылған. Сол нөмір арқылы республикаға ортақ базадан жарнаның төленген-төленбегендігі туралы мәлімет алынады. Қазіргі таңда ақпараттандыру жұмысымен жергілікті Мемлекеттік кіріс департаменті, Жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы және «Нұр Отан» партиясының облыстық филиалы да тікелей айналысуда.

Айта кетерлігі, стационарлық жоспарлық көмекке жүгінген жағдайда, мекемені таңдау еркіндігі өзіңізге беріледі. Жоспарлы оналту немесе созылмалы ауру түрі болған жағдайда, Атырау облысындағы ғана емес, Ақтөбе, Астана калаларындағы профильді мекемелерді де таңдай алады.

КЕЗЕКСІЗ ЕМХАНА ТӨРТІБІ ЕНГІЗІЛЕДІ

— Жаңа жүйе бойынша қандай қызметтер тегін көрсетіледі?

— Міндетті медициналық сақтандыру жүйесі енгізілгеннен кейін, бұған дейін ақылы болып

профильдерін өзгерту, медбикелік күтім бөлімшесін ашу, зерттеу орталықтарын ашу жөнінде жұмыстар атқарылуда.

— Сөзіңіз аузыңызда, емхананы таңдау тәртібі қалай жүргізіледі?

— Емхана таңдаудың екі ережесі бар. Еркін таңдау және жақын емхананы таңдау. Егер үйіңізден қашықтығы 20 минуттық емхананы таңдасаныз, онда үйге шақыру қызметі қоса көрсетіледі. Ал таңдау қашықтығы алыс емханаға түссе, онда аталған қызмет келісімшартқа қарай шешіледі. Соңғы сөзді науқастың өзі айтады. Әрине, емхананы таңдаудың басты критерийі — сервистік қызмет және білікті маман категорияларынан тұрады. Сондықтан жаңа жүйе халыққа жағдай жасауға тікелей ықпал етеді деп ойлаймын.

— Осы жерде сұрақты толықтыра кетсек. Міндетті медициналық сақтандыру жүйесі арқылы жеке клиникаларға тіркелу мүмкіндігі қандай?

— Жеке клиникаларға тіркелуге болады. Бірақ ол жеке орталық медициналық сақтандыру қорының регистріне енуі керек. Регистрге ену үшін, арнайы талаптарға сәйкес келуі тиіс.

— Жаңа жүйе емханадағы кезек, талон мәселелерін қаншалықты шеше алады?

— Кезексіз емхана жұмысын ұйымдастыру мақсатында электронды кезек жүйелері енгізіліп жатыр. Бұл медициналық қызметкер жұмысының тиімділігін арттырады. Әрі тұрғындардың да уақытын үнемдейді. Қазіргі таңда емханалар қызметінің 80 пайызы профилактикалық алдын алу жұмыстарына



келген қымбат дәрігерлік зерттеулер, оналту қызметтері тегін көрсетіледі. Ал жүйенің жұмыс істеу сапасын Қоғамдық қызмет жөніндегі комитет бақылайды. Айталық, шағым түсіп, өлім фактісі тіркеліп, ауру түрінің кенінен жайылу жағдайлары орын алған кезде комитет медициналық мекемелерді тексереді. Мәселен, бала өлімі жағдайында 100 пайыз сараптама жасалады. Ана өлімі орын алған жағдайда кешенді тексеру жүргізіледі.

Медициналық қызметтің сапасын арттыруға өзіміздің басқарма да мүдделі. Сондықтан, оқыту шаралары ұдайы жүргізіліп отырады. Мамыр айында республикалық деңгейдегі жетекші институттардың мамандарын алдыртып, жергілікті дәрігерлер арасында шеберлік сағаттары, семинарлар өткізілді. Жетекші институт мамандарының тікелей қатысуымен Атырауда 23 ота жасалды. Айта кету керек, қазіргі таңда жергілікті ауруханалардың

көшті. Емханалар негізінен созылмалы ауруға шалдыққандарға диспансерлік есеппен дәрі беру, ауруын басқаруға жағдай жасау, олардың жағдайын бақылауда ұстаумен айналысады.

Порталға байланысты айтсақ, медициналық қызметке кез келген науқас жүгіне алады. Мысалы, адамның денсаулығына, өміріне тікелей қауіп тудыратын, шұғыл түрде медициналық көмекті қажет ететін жағдайда, яғни абайсызда ауыр жағдайға тап болған адамдарды ауруханаға жедел жәрдемнің өзі әкеледі. Мұндай шұғыл жағдайларда порталдың еш әсері болмайды. Ал портал дегеніңіз — шұғыл түрде медициналық көмекті қажет етпейтін жігі және созылмалы ауруға шалдыққан науқастарға жоспарлы түрде ем беру механизмді. Бұрын мұндай инструмент болмаған кезде, ауруханаларда керует саны жетіспей, науқастардың дәлелдері жатып, ем алу жағдайлары жиі орын алған еді. Портал осындай берекетсіздікті түбегейлі жойды. Зандылығына салғанда, портал кезегін науқастар үш айға дейін күтуге міндетті. Бірақ бұл мәселе біздің облыста бір ай ішінде шешіліп жатыр.

— Соңғы сауал. Жаңа жүйені енгізу арқылы медициналық қызмет сапасы қаншалықты жақсарды? Жалақыны «лайк» анықтайды деген жанылыққа көзқарасыңыз қандай?

— Жаңа жүйенің ең басты міндеті — саланың сапасын көтеру. «Лайк» басу меніңше, субъективті жағдайға алып келеді. Бұл мәселе енгізілген жағдайда да, мұны салаға талдау жүргізуге пайдалануға болады деп ойлаймын. Асылында, әр дәрігер өз жұмысының сапасын бірінші орынға қоюы керек. Нәтижелі жұмыс сонда ғана жүреді.

— Әңгімеңізге рахмет.

Баян ЖАНҰЗАКОВА,
Атырау облысы

Ұлт саулығы

Маңғыстау облыстық денсаулық сақтау басқармасының мәліметінше, аймақта мамандармен қамту мәселесі жолға қойылып келеді. Өткен жылы өңірде 358 маман жетіспейтін. Биылғы жылы облысқа 161 маман келген. Оның ішінде 11 педиатр, 18 акушер-гинеколог, 5 анестезиолог-реаниматолог бар. Ал үстіміздегі жылдың 9 айындағы нәрсесте өлімнің көрсеткіші өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда 20,4%-ға азайды.

АНА МЕН БАЛА ДЕНСАУЛЫҒЫ – АЙРЫҚША НАЗАРДА

Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Клара Оралбаева бізге берген сұхбатында «Денсаулық сақтау саласындағы ең өзекті мәселенің бірі — ана мен бала өлімін болдырмау және онкологиялық аурулардан болатын өлім-жітімнің алдын алу және осы бағытта шараларды нақты жүргізу. Бұл бағыттардың барлығы денсаулық сақтауды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған «Денсаулық» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде жүргізілуде. Ана мен бала өлімінің алдын алу үшін бірқатар шара қабылданды.

Оның бірі — биылғы жылдың аяғына дейін өңірде пайдалануға берілетін 150 орындық ана мен бала күтімі орталығы. Орталыққа құрал-жабдықтардың 70 пайызы қойылды. Одан бөлек, облыстық мамандандырылған балалар үйінің базасында балалар ауруларын кешенді басқару жөніндегі ресурстық орталық ашылды. Ақтау қаласындағы №1 емханада, Жанаөзен қалалық №2 емханада «SOS қашықтан антенаталдық күтім» жобасы іске асырылды. Мамандардың білімін жетілдіру мақсатында биылғы жылы 8 оқыту семинары, акушерлік, балалар және бастапқы медициналық көмек саласындағы 167 дәрігер мен медбикені қамтитын 3 шеберлік сыныбы ұйымдастырылды. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының өңірлік үйлестірушілері облыстағы 62 дәрігерді кейінгі каскадты оқыту әдісімен жұмыстарын жалғастыруда. 15 аурухананың акушер-гинекологы «24 сағат және 7 күн» ережесі бойынша жедел акушерлік патологияны диагностикалау үшін ультратдыбыстық дағдылар бойынша дайындықтан өтті. Акушер-гинеколог, неонатолог, реаниматолог және акушерлердің 20 маманынан құралған 7 бригада шетелде ДДҰ-ның технологиясымен біліктілігін арттырды. Бұл бағыттағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасын табады», — деді.

Облыстық онкологиялық диспансердің бас дәрігері Нұрлан Жариевтің мәліметінше, бүгінгі таңда онкологиялық ауруға шалдыққан 3400 науқас есепке алынған. Бұл өткен жылғы көрсеткішпен салыстырғанда 6%-ға төмен. Аурудың алдын алу және ерте анықтау мақсатында облыс көлемінде ашық есік күндері жиі өткізіліп тұрады.

— Жыл басынан бері аурухананың көмегіне 4594 бала жүгінді. Оның 1300-і ауыр жағдайда жеткізіліп, 440 бала жан сақтау бөлімінде ем алды. Нәрсестелерге облыстық балалар ауруханасының білікті дәрігерлері дер кезінде көмек көрсетті. Балалар арасындағы қатерлі ісікті ерте және дер кезінде анықтау, уақтылы ем-дом жасауға машықтандыру мақсатында облыстағы 25 дәрігердің қатысуымен арнайы оқыту курстары да ұйымдастырылған. Облыстық балалар ауруханасында өткен оқыту курсына Алматыдан келген білікті маман, педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы онкогематология бөлімінің менгерушісі Нигар Асламбекова қатысып, тәжірибесімен бөлісті. Одан бөлек, облыстық балалар ауруханасы анестезиология мен жансақтау бөлімінің менгерушісі Қазбек Келеманов Санкт-Петербургқа барып, «Балалар анестезиологиясы және қарқынды терапия» тақырыбында өткен ғылыми-тәжірибелік конгреске қатысып, білімін жетілдіріп келді, — деді



облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Клара Оралбаева.

Оның айтуынша, жыл басынан бері аймақта 16 083 нәрсесте өмірге келген. Оның ішінде облыстық перинаталдық орталықта 5900 нәрсесте дүниеге есігін ашқан. Олардың 156-сы егіз, 5-еуі үшем.

— Елбасы Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» Жолдауынан туындаған тапсырмаға сәйкес, біздің салада түрлі өзгерістер орын алуда. Мәселен, медицинаға ақпараттық жүйе енгізу, дәрігерлер мен медбикелерді компьютерлермен жабдықтау, денсаулық сақтау ұйымдарын интернетке қосу, халықтың кезекке тұру уақытын қысқарту, мобилді қосымша енгізу, пациенттермен кері байланыс орнату бағытында жұмыс істелуде. Біздің облыс орта есеппен 48,3 пайызға ақпараттық жүйеге көшті. Сондай-ақ республика бойынша 49,7 пайызға интернетпен қамтылды. Қаракия ауданының Ералы, Аққұдық ауылдары және Бейнеу ауданының Ноғайты, Сам, Тұрыш ауылдары проблемалық аймақтарға жатады, — деді Клара Әбдігәппарқызы.

Облыс әкімі Ералы Тоғжанов аймақтағы медициналық пункттердің барлығын интернет байланысына қосуды тапсырды. Облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының міндетін атқарушы Клара Оралбаеваның айтуынша, келесі жылы медициналық ұйымдар ақпараттық жүйемен, компьютерлік техникалармен және интернетке қолжетімділікпен 100 пайыз қамтамасыз етіледі. Сондай-ақ электронды үкімет порталы арқылы уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы парақша, өкпе құрты ауру туралы мәлімет, психоневрологиялық, наркологиялық есепте бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама ала алатынын жеткізді.

Фарида МҰНАЛҚЫЗЫ,
Маңғыстау облысы



E-mail:
jas_qazaq@mail.ru



Тіршілік

АЛАКӨЛДІКТЕРДІҢ ҚОРЖЫНЫ ТОҚ

Биылғы жыл алакөлдiктер үшiн табысты болды. Қай салада болсын алға басу бар. Соның бiрi — ауыл шаруашылығы. Ауданның 9 айдағы қорытындысы бойынша өндiрiлген ауыл шаруашылығы өнiмнiң көлемi 22748,8 млн теңгенi құрап, нақты индекс көлемi 101,7 пайызға орындалды. Бүгiнде жиын-терiн жұмыстарының басым бөлiгi аяқталып, масақты дәндi дақылдар мен картоп, көкөнiс, жемiс-жидек, бақша дақылдары толық жиналған. Майлы дақылдарды жинау жұмыстары жалғасуда. Егiннен де мол өнiм алынып, қамба астыққа толған. Сонымен қатар қант қызылшасының




өнiмдiлiгi де жаман емес. Тек өнiмдi экспорттау жағындағы келенсiздiктер болмаса, барлық жұмыс ойдағыдай жүрiп келедi.

Аудан бойынша жылы егiс көлемi былтырғы жылмен салыстырғанда 1449 гектарға өскен. Басқасын айтпағанның өзiнде, 500 гектар жерге қант қызылшасын еккен алакөлдiктер өнiм көлемiнiң жоспардағыдай орындалғанына қуанышты. Қазiргi уақытта дәндi дақылдарды жинау жұмысы толығымен аяқталды. Жалпы дәндi дақылдан 69437 тонна өнiм алынып, әр гектарға 21,2 центнерден айналған. Сонымен қатар биылға жоспарланған күздік бидай толығымен сөбiлiп, сүдiгер жыртылған. Келесi жылдың өнiмiне жоспарланған дәндi дақыл тұқымы толығымен құйылыпты. Айта кетерлiгi, өткен жылы минералдық тынайтқышқа 9,7 мың теңге, бiр және көпжылдық шөп, сүрлемдiк жүгерi мен күнбағысқа 8,2 мың теңге және арпа, қант қызылшасы, дәндік жүгерi, майбұршақ тұқымына 11,7 мың теңге, гербицидке 46,02 мың демеуқаржы төленсе, биыл да осындай көлемде көмек болады деп күтілуде. Көктемгi егiс, күзгi жиын-терiн мезгiлiнде жанар-жағармай мәселесi де ойдағыдай шешiлiп, қиыншылық орын алған жоқ.

Күзгi жиын-терiн жұмысында 75 комбайн жұмыс жасауда. Биыл Жағатал ауылдық округiнен қант қызылшасын өсiруе қолдау көрсету үшiн құрылған «Жағатал» СДО» сервистiк дайындау орталығында 250 млн теңгеге 9 дана жана техника сатып алынды. Қазiргi уақытта шаруашылықтарға қызмет көрсетуде.

Аудан бойынша ағымдағы жылы қант қызылшасын өсiрумен айналысатын екi ауыл шаруашылығы өндiрiстiк кооперативi құрылып, қосымша екi сервистiк дайындау



орталығын құру үшiн құжаттары жиналып, «Жетісу» ҰК» АҚ-ға тапсырылды. Сондай-ақ ауданның техника паркi жылдан-жылға жанартауып отырғанын қоса кеткен жөн. Айталық, күзгi жиын-терiн жұмысына 1428 тонна жанар-жағармай шаруашылық құрылымдарына босатылып, литрi 130 теңгеден сатылды.

Аудан бойынша мал басы тұрақты өсуде. Жылдан-жылға асыл тұқымды малдың үлесi де артып келедi. «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламасы бойынша жоспар ойдағыдан әлдеқайда асыра орындалыпты. Сонымен қатар «Алакөл несие серiктестiгi» ЖШС «Іскер», «Сыбаға», «Кен дала», «Қанат»,

Биыл Алматы облысында өңір экономикасын дамытып, өнімді еселеуде жыл басынан бері біраз істің басы қайырылып, оң нәтижеге қол жеткізілген. Облыс экономикасының негізгі салаларындағы өсім 3,6%-ды құрайды. Қай салада болсын алға басу бар. Соның бірі – ауыл шаруашылығы. Ауыл шаруашылығының жалпы өнімі 459,6 млрд теңгені құрап, 1,6%-ға өскен. Агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне бюджеттен 33,9 млрд теңге қаржы бөлінсе, оның ішінде 25,7 млрд теңге демеуқаржы берілген. Бүгінде жиын-терін жұмыстарының басым бөлігі аяқталып, масақты дәнді дақылдар мен картоп, көкөніс, жеміс-жидек, бақша дақылдары толық жиналған. Егіннен де мол өнім алынып, қамба астыққа толған. Сонымен қатар қант қызылшасының өнімділігі де жаман емес. Тек өнімді экспорттау жағындағы келеңсіздіктер болмаса, барлық жұмыс ойдағыдай жүріп келеді. Мемлекеттік «Индустриалды-инновациялық даму» бағдарламасы аясында іске қосылған нысандар жоспарлы қуатына жеткен. Шағын және орта бизнес саласында жұмыспен қамтылғандар саны былтырғыға қарағанда біраз өсті. Биыл кәсіпкерлікті қолдауға өткен жылға қарағанда қомақты қаражат бөлінді. Оның ішінде «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы аясында 157 жоба іске асып, өңір кәсіпкерлерін ынталандыру жақсы жолға қойылған. Өкінішке қарай, өлкемізге инвестиция тартуда біраз кемшілік байқалады. Айталық, күре жолдың бойына орналасқан, өндірісі өркендеген Еңбекшіқазақ сияқты кейбір аудандардағы инвестиция тарту көңіл көншітпейді. Есесіне, Алматы мен облыс орталығынан алыста жатқан аудандардың ұмтылысы жақсы. Сондай-ақ шағын және орта бизнес субъектілерінен бюджетке қомақты қаражат құйылған. «Жұмыспен қамту жол картасы – 2020» бағдарламасы шеңберінде жаңа жұмыс орындары көптеп құрылып, инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жобалар өз деңгейінде жүзеге асырылуда. Білім беру, денсаулық сақтау саласында күрделі жөндеу жоспарланған нысандардың дені аяқталып, қалғандары жұмыс кестесі бойынша жүргізілуде. Демек өңіріміздегі әр саланың өркендеуі өзгеше. Десе де, осы жетістіктерге елді мекендердің қосып жатқан үлесі аз емес. Осы ретте сондай жетістіктерді сөз етпекпіз.

ҚАМБАСЫ ДӘНГЕ,



«Бірлік» бағдарламасы бойынша 352,4 млн теңгеге сұраныс беріліп, 42 шаруашылық құрылымына жеткілікті несие берілген. Өткен жылдың индикативті көрсеткіштерінің пилоттық жобасы бойынша төрт кооператив құру жоспарланса, нәтижесінде жеті кооператив құрылған.

Жалпы, аудан бойынша барлық салада ігерілеушілік бар. Десе де, алакөлдiктер жеткен жетiстiкке масаттанбай қолда бар мүмкiндiктердi тиiмдi пайдаланып, жыл соңына дейiн бұдан да жоғары көрсеткiштерге жетуге тырысып келедi. Аудан әкiмi Әлiбек Жаканбаев «Биылғы жылға мекеленген жоспардың бәрi орындалады» деп отыр. Қысқасы, мемлекет басшысы, облыс әкiмi



жүктеген мақсат-мiндеттiң кешендi түрде iске асуына бастамашы бола бiлген алакөлдiктер бөлiнген қаржының дер кезiнде игерiлуiне ерекше назар аударып, жұрттың шаруасын шалқыту жолында жұмыла жұмыс iстеп келедi.

Биыл жыл басынан бастап 1 тамызға дейiнгi аралықта елде 517 ауыл шаруашылық кооперативi құрылды. Бұл өткен жылы 467 кооператив құрамыз деген ауыл шаруашылығы министрлігінің жоспарынан асып түсті. Облыста бұл жұмыс өткен жылдан жаңа қарқынмен жүргізіліп, барлығы 430 құрылтайшының бірігуімен 53 ауыл шаруашылығы кооперативі құрылды. Мемлекеттік бағдарлама аясында 2021 жылға дейін 60 мың агросубъектілердің

бірігуімен 600-ден астам ауыл шаруашылық кооперативін құру жоспарда бар. Осы ретте Алакөл ауданы былтырғы индикативті көрсеткіштерінің пилоттық жобасы бойынша 4 кооператив құру жоспарланса, нәтижесінде 7 кооператив құрылып, жоспар артығымен орындалды. Олардың бүгінгі жұмыс қарқыны адамды қуантады.

Айталық, Ақсар ауылдық округінде «Ақсар сүт» кооперативі «Ауыл шаруашылығы қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 20 жеке қосалқы шаруашылыққа 41,3 млн теңге несие алып, 190 бас ірі қара малы сатып алып, «Фуд Мастер»АҚ-мен келісімшартқа отырып, жұмысын жүргізуде. Сүтті жинайтын

танкер мен салкындатқышты «Фуд Мастер» АҚ келісімшарт негізінде орналастырып беріпті. Қосымша «Ауыл шаруашылығы қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы жалпы құны 5 млн теңге тұратын сүт қабылдайтын модуль сатып алып, жұмыс ауқымын ұлғайтқан. Басқа шаруашылықтар да осындай жетістіктерге жетуде. Тіпті аудан бойынша мал бордақылау алаңдарының қатары көбейіп, жыл басынан 930 бас ірі қара сатылды.

Үшарал қалалық округінде «Қабанбай-Агро» ет бағытында, Ақтүбек ауылдық округінде «Beskol-agro» ет-сүт бағытындағы кооперативтер құрылып, жұмыс жасауда. Мақсаты – ауылдық округтардағы шаруашылық құрылымдары мен жеке қосалқы шаруашылық ірі қара малына етті бағыттағы асыл тұқымды «Ангус» бұқасымен қамтамасыз етіп, селекциалық асылдандыру және мал бордақылау алаңдарын бұқашықтармен толықтыру жұмысы жүргізілуде. Осыған орай, биыл 39 асыл тұқымды бұқа және 40 бас асыл тұқымды қошқар әкелініпті. Алдағы уақытта кооператив сүт қабылдайтын 4 сүт салкындатқыш танкерін Жайпақ, Қызылашы, Теректі, Екпінді ауылдық округтеріне қоюды жоспарлап отыр.

Ал Екпінді ауылдық округінде «Ауыл шаруашылығы қаржылай қолдау қоры» АҚ арқылы 43 млн теңге несие алуға 34 жеке қосалқы шаруашылық өтініш білдірген еді. Нәтижесінде, ет бағытында



«Көркен» кооперативі құрылып, «Әділет» басқармасынан тіркеуден өтті. Көлбай ауылдық округінде сүт бағытында 18 жеке қосалқы шаруашылықтың бірігуімен «Көлбай—сүт» кооперативі құрылса, Қабанбай ауылдық округінде ет-сүт бағытында 20 жеке қосалқы шаруашылық негізінде «Орден» кооперативі жұмыс бастаған. Биылғы жылы отбасылық мал бордақылау алаңын құру жоспары бойынша бордақыланған мал 912 басқа жетіп, 107 пайыз орындалыпты. Ауылдық округтерден несие алуға сұраныс білдіргендердің тізімі ауыл шаруашылығы басқармасына және «Ауыл шаруашылығын қаржылай қолдау» қорына жіберілген. Бүгінгі күні 31 қосалқы шаруашылық несие алса, екi шаруашылықтың құжаттары «Ауыл шаруашылық қаржылай қолдау қорында» тексерiлуде, сегiз шаруашылықтың несиеге қойтын кепiлдiмелерi бағаланып, құжаттары дайындауда. Демек, бұл тұрғыдағы жұмыстар көңiл көншiтедi.

Ағымдағы жылы инвестициялық жоба бойынша «Шынжылы», «Жүнжүрек» шаруа қожалықтарында үш мың басқа арналған репродукторлы шаруашылық құрылып, құжаттары заңдастырылуда. Сонымен қатар Көлбай ауылдық округінің бұдйр ауылында «Кайынды» ЖШС-де 4800 бас арналған мал бордақылау алаңы салынды. Олар желтоқсан айында мал сою алаңын іске қосуды жоспарлап отыр. Айтапқышы, Жағатал ауылдық округінде «Болашақ», «Ығрайты ауылдық округінде «Кулсан» шаруа қожалығы өз қаржысымен 400 бас ірі қараға арналған мал бордақылау алаңын іске қосып, жұмыс жасауда. Сонымен қатар ақпараттық – аналитикалық жүйеге 52 шаруашылықтан 5099 аналық бас енгізіліп, жоспар 5,2 пайызға орындалған.

Осы тұста Алакөл ауданының 2017-2018 жылдың мал қыстату науқынына мықты дайындалғанын айта кеткен жөн. Бұл мақсатта жеткілікті жем-шөп қоры дайындалып, 87154 бас малды қыстан аман-есен алып шығудың қамы жасалуда. Қысқасы, алакөлдiктер алдағы уақытта мемлекеттік бағдарламалар мен пилоттық жоба бойынша көрсеткіштерді толық орындауға белсенділік танытуда.

ТАЛҒАРДА ДА ТАРТЫМДЫ ІС КӨП



«Амиран Агро» ЖШС бас директорының аграрлық сала бойынша орынбасары Жанкелді Әбжаппаров

Танымал тағамтанушы Төрегелді Шармановтың бастамасымен іргесі қаланған балалар ағзасына аса пайдалы сүт өнімдерін өндіретін «Амиран» сүт зауытын шикізатпен қамтамасыз ету мақсатында Нұра ауылдық округіне қарасты Қаратоған ауылынан «Амиран Агро» сүт фермасының құрылғанына бес жылға жуықтады. Индустриалды-инновациялық бағдарламалар аясында іске қосылған «Амиран» сүт зауытының өнімдері бүгінде жоғары сұранысқа ие. Зауыт қуаттылығын толыққанды жүзеге асыруға таап келеді. Оның кідіріссіз жұмыс істеуі аталған сүт фермасына тікелей байланысты.

— Фермада сүт бағытындағы 1400 ірі қара бар. Оның 800-і сауын сиырлар. Канададан алынған голштин-фризско тұқымдас бұл сиырлардың сүті мол болады. Зауыттың басты мақсаты — химиялық қоспасыз, консервантсыз, табиғи таза өнім өндіру. Сондықтан америкалық технологияға негізделген зауыт өнімі елімізде 1-орында тұрғандығын атау керек. Мұндай жоғары сапаға қол жеткізу үшін сүт беретін сиырдың сапаға қол жеткізу үшін сүт беретін сиырдың азықтануы мен күтімі басты назарда



Ферманың сыртқы келбеті

болатындығы белгілі, — делі бізге әңгіме тиегін ағытқан «Амиран Агро» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Бас директорының аграрлық сала бойынша орынбасары Жанкелді Әбжаппаров. — Сауын сиырлардың құлағында арнайы «чип» деген бар. Сол арқылы малдың жай-күйі, ағзадағы ауытқулар болса анықталады. Айталық, малдың іші сұйылса немесе желіні домбыққан жағдайда сауынға жіберілмейді. Мұндай аурулар сирек те болса кездеседі. Оған қарсы ем-шаралар қолданылады. Мал егілгенде сүті өндіріске жіберілмейді. Австриялық Ваег компаниясының көмегімен Қазақстанда алғаш рет сиырдың жатын орнына өзінің қиын қайта өңдеп, төсеу осы фермада жүзеге асқан. Соның нәтижесінде мал арасында кездесетін инфекциялық жұқпалы аурулар азайып, өнімнің қауіпсіздігі артқан. Зауытта өндірілетін сүттің табиғилығына оның сақталу мерзімінің айлап емес, 3-5 тәуліктен аспайтындығы дәлел, — дейді.

Әр сиыр тәулігіне 25-27 литр сүт берсе, фермада 16 тонна сүт сауылады екен. Бұл ел аумағындағы ең жоғары көрсеткіш саналады. Зауыттан артылған табиғи таза сүт көршілес

компанияларға да өткізіледі. Сөйтіп, сүт тапшылығының онтайлы шешім табуына ықпал етуде. Сүт бағытындағы асыл тұқымды сиыр бағуды қолға алған шаруашылықта жазда 130 адам, ал қыста 105 адам тұрақты түрде еңбек етуде.

Бір қуанарлығы, озық технологияға негізделген заманауи сүт фермасында жұмысшылардың алаңсыз еңбек етуіне жан-жақты жағдайдың жасалуымен ерекшеленеді. Бақташы мен сауыншылар ауысыммен жұмыс істейді. Ферма еңбеккерлерін қалалық үлгідегі баспанамен қамтамасыз етуі жастардың тұрақтап еңбек етуіне, жұмыс өнімділігін арттыруға себін тигізуде. Олардың үш мезгілдік тамағы мен жатын орны түгелге дерлік компанияның есебінен төленетіндігі де тілге тиек болды. Оның сыртында айлығын тұрақты түрде алады.

Американың озық үлгілері JohnDeere ауыл шаруашылық техникалары өндіріске кеңінен пайдаланылады. Мал азығының берік қорын жасау мен ысырапсыз өнім жинауда бұл техникалардың орасан зор пайдасы тиюде. Қысқы қорды жасау жолында жеткілікті мөлшерде жонышқа, соя, арпа-бидай, жүгері сүрлемі, сүрлем дайындалған. Малға қажетті азықтан артылған жем-шөпті ауыл тұрғындарына беру жолға қойылған. Бүгінгі таңда осы малды күтіп, әрі қарай дамыту, өнім алу мақсатында Қазақ ұлттық аграрлық

университетімен және мал шаруашылығы ғылыми-зерттеу институтымен тығыз байланыста жұмыс істейді.

Студенттер күз бен көктемде фермада өндірістік тәжірибеден өтеді. Академик Марат Кенеев аспирант-докторанттарымен бірлесі отырып, мал басын асылдандыру, азықтандыру, мал дәрігерлік ету жұмыстарын жақсарту, мол өнім алу сынды ғылыми жобаларды қорғап шығуына мұрындық болады. Бұған қоса, егін шаруашылығын дамыту, жоғары сұрыпты арпа-бидай өсіру, сортаң жерлерді өңдеп, пайдалану сынды ғылыми жобалар жүзеге асырылуда. Сөйтіп, дүниежүзілік стандартқа негізделген сүт фермасы қазақстандық ғылымның дамуына сүбелі үлес қосып келеді. Бұл орайда, шетелдік оқу орындарының іс-тәжірибесімен алмасу назардан тыс қалмаған. Айталық, аграрлық университеттің 12 түлегі осы мақсатта Еуропада оқып, бұл күнде өндірісті өркендетуге білім-біліктерін жұмылдырып отыр. Аталған университеттің өсімдік қорғау және карантин факультетін тәмамдаған Нұрбек Икенбаев үш жылдан бері «Амиран Агро» сүт фермасында агроном боп табысты еңбек етуде. Сонымен қатар тараздық Бактияр Марасұлов та Ресейде, Голландияда, Германияда білімін жетілдіріп, 2013 жылдан бері осы фермада тәжірибесін шындап келеді. Бүгінде отбасын құрып, бір баланың әкесі атанған Бактияр өзін еңбек ететін ферманың болашағының жарқын екендігіне еш шүбә келтірмейді. Осылайша білімді де білгір жастармен толыққан озық технологиялы фермаға келген кадрдың кері кетпейтіндігі жанға жайлылықтың нышанын білдірсе керек. Бұл ауыл жастарының тұрақтап жұмыс істеуіне, өз ісін жетілдіріп, дамытуына тікелей оң әсерін беруде.

Шаруасын шалқытқан сүт фермасының қызметкерлері қайырымдылық шараларын жасаудан да аянып қалмаған. Мысалы, үстіміздегі жылы Ұлы Отан соғысының ардагері Дүйсенбек Жұмалиевтің үйіне күрделі жөндеу жұмыстарын жасап берген. Сонымен қатар алғаш құрылған жылдан бері Қаратоған ауылының балаларын мектепке тасымалдау, ауыл көшелерін асфальттау және ауызсумен қамтамасыз ету жұмыстарын жасап, ел ризашылығын арқалаған. Ең бастысы, ферма жұмыскерлерінің 80 пайызын жергілікті тұрғындар құрайды. Олардың алдағы қыстан қысылмай шығуы үшін еткен еңбектеріне қарай отын-сумен, көмірмен қамтылуы атымтай жомарт жандардың ізгілік пен мейірім-қайырымға толы жарқын істерін жарқырата көрсетеді.

Отандық табиғи таза сүт өнімдерін өндіруге



негізделген «Амиран» сүт зауытының өнімдері әр жыл сайын өткізілетін түрлі байқауларға қатысып, түрлі номинациялар бойынша жарықтара медальдар алып, көшбасшы кәсіпорындар қатарынан көрінулері жылдар жемісі екендігін анық аңғартады.

ҚАРАДАЛАДАҒЫ ҚАРҚЫНДЫ ЖҰМЫС

Қарадала өңірінің еңбеккерлері үстіміздегі жылды айтарлықтай табысты нәтижемен аяқтап келеді. Ауыл шаруашылық өндірісінің барлық саласында өткен жылдың осы мерзімімен салыстырғанда өнім көлемінің көбейгені байқалады. Өңір тұрғындарының егіншілік саласында өндірген өнімі 13 миллиард 632 миллион теңгені құрап, өткен жылмен салыстырғанда, яғни 93,2 миллион теңгеге ұлғайды. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш көлемінің тағы көбейе түсері анық.

Егіншіліктің табысты тасқындатқан жүгерішілер «дала ауры» жинау науқанын белгіленген уақытта аяқтапты. Бұдан басқа майлы дақылдар, бақша және көкөніс, картоп



E-mail: jas_gvvaq@mail.ru

11



өнімдері сақтайтын орындарға жеткізілген. Ал қазір егіс алқаптарында күздік бидай егу жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Тасқарасу ауылының элиталық дақылдар тұқымын дайындайтын қожалықтары келер жылдың көктемгі егін науқанына дайындықты қолға алып, 20 тонна сұрыпты бидай тұқымын жинап, 60 тонна элиталық жүгері тұқымын әзірлеп қоюдың қамына кіріскен.

Тұқым өсіретін шаруашылықтарға мемлекет тарапынан берілетін қолдауқаржы егіншілердің еңбегіне демеу болып келеді. Биыл 87,9 тонна жүгері тұқымын сатып алған өңірдегі 139 қожалық Үкіметтен жалпы 32 миллион 591 мың теңге демеуқаржы алды. Сол сияқты жеміс бағын өсіретін жеті шаруашылыққа 16012 жеміс ағашының көшетін сатып алғаны үшін 5 миллион теңге қолдауқаржы төленді.

Осы ретте Шарын өңіріндегі егін шаруашылықтарына 134 миллион 628 мың теңге бөлінгенін айта отырамыз артық болмас. Жас бак еккен бағбандарға, көпжылдық жүзім көшетін, көне жеміс бактарын жанартқандарға да үкімет тарапынан қаржылай қолдау көрсетілді.

Минералды, органикалық тыңайтқыштарды егістік алқаптарына қолдану егіншілерге арзанға түспейді. Бұл бағытта да мемлекет

Оларды көлікпен қамтамасыз ету мәселесі де шешімін тапқан.

— Алғаш құрылған кездегі қиындықтар артты қалды. Қазір барлық ауылдарда ветпункттердің жұмыс орны, кеңсесі бар. Өңірлерде жұмыссыз қалған жоғары білімді мамандар еңбекпен қамтылды. Жерлерде ветпункттер жұмысының жолға қойылғанын қарапайым халық қолдап, қуануда. Соның арқасында, жоспарлы түрде жыл бойы жүргізіліп жататын алдын алу жұмыстары, егу жұмыстары, диагностикалық зерттеу шарасы дер кезінде жүзеге асырылуда. Бұл тұрғыда облыс көлемінде алда тұрған жайымыз бар, — дейді аудандық Руслан Масенов.

Айтса-айтқандай, өткен тоғыз ай ішінде ірі қараға 9, қойға 10, жылқыға 4 түрлі аса жұқпалы ауруға қарсы егу жұмыстары жоспарға сәйкес жүргізілді. Мерзімді уақыт ішінде жоспарланған ірі қараның 86 пайызы, қой-ешкінің 100 пайызына егу жұмысы орындалды. Тексеру нәтижесінде 158 бас ірі қарадан бруцеллез ауруына оң реакция бергені анықталды. Осы малдардың 155 басы Сарыөзек ауылындағы арнайы мал сою орнына өткізілді. Қой-ешкі малдары бойынша 89 бас оң реакция көрсетіп, 80 бас Сарыөзек ауылындағы арнайы ет-өңдеу орнына өткізілді.

статистикалық мәлімет бойынша есепке алынған мүйізді және ұсак мүйізді ірі қара, жылқы жоспардан асыра сәйкестендірілді. Ауданда ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру іс-шараларын жүргізу туралы жоспарына сәйкес ірі қара мен қой-ешкі малдарының төлдерін бірдейлендіру жұмыстары жүргізілуде.

Осы ретте сала мамандарына да барлық жағдай жасағанын айта кеткен жөн. Облыс әкімі Амандық Баталовтың тікелей қолдауымен аудандағы Сүмбе, Кеген, Саты ауылдарында ветпункт ғимараты салынуда. Келесі жылы Ұзынбұлақ,

толы ветпункт қызметкерлерінің мол үлесі бар. Реті келгенде, өз жұмыстарын күн талабына сай жүргізіп келе жатқан Мәулен Әбікенов, Дабырбек Бейсебаев, Тұрсынәлі Мүсілімов, Кеңес Құтел, Қайрат Жұмабаев, Бекен Кәрібозов, Дәурен Советхан басқаратын Сарыжаз, Қайнар, Алғабас, Жаланаш, Қакпак, Сүмбе, Қарқара ауылдық ветпункттерінің атына жылы лебіз білдірген артық емес. Кәсіпорын аппаратында жұмыс істейтін мекеме басшысының орынбасары Берік Қасымханов және Мырзаш Изентаев, Қабыл Төкенов, Кеңес Ерлесбаев, Малика Қазиахмет секілді іскер мамандардың да көтеріп жүрген жүгі жеңіл емес.

КӨКСУЛЫҚТАРДЫҢ КӨҢІЛ ТОҚ

Өңірімізде қант қызылшасының өніміне деген сұраныс артып, облыстың, қала берді республиканың табыс көзіне айналып үлгерді. Күні кеше ғана Көксу қант зауыты алғашқы өнімдерін қабылдауды бастап, халық алқаптағы жиын-теріңге қызу кірісті.

Солардың бірі — Көксу ауданы, Лабасы ауылдық округіне қарасты Талапты ауылындағы «Нұрдымақун» жеке шаруа қожалығы. Жұмыстың жүру барысын бағамдай барған бізді шаруа қожалығының басшысы Қизат Абиров күтіп алып, бірден еңбегінің мән-жайымен таныстырды. Олар былтыр тек қана бес гектар жерге тәтті түбір ексе, биыл 22 гектар алқапқа қант қызылшасын отырғызып, бір гектардан 500-550 центнер өнім алуды жоспарлауда.



ӨРІСІ МАЛҒА ТОЛҒАН

егіншілерге қаржылай қолдау жасап отыр. Айталық, биыл 155,1 тонна минералды тыңайтқыш пайдаланған 32 шаруа қожалығына мемлекет 7 млн 484 мың теңге демеуқаржы бөліпті. Сонымен қатар өсімдіктерді зиянды жәндіктер мен әртүрлі аурулардан қорғау үшін гербицидтер қолданған 11 шаруашылыққа 3 миллион 744 мың теңге қолдауқаржы берілді.

Ауыл шаруашылығы өндірісінің материалдық-техникалық базасын нығайтуға да мемлекет мән беріп келеді. Әсіресе, ауыл шаруашылық техникаларын жанартудың манызы үлкен. Есепті уақыт аралығында өңірдегі қожалықтар 9 «Беларус» тракторын, екі трактор тіркемесін, бір экскаватор, 21 басқа да ауыл шаруашылық техникаларын 133 миллион 825 мың теңгеге сатып алды.

Аудандағы мал шаруашылығының да өнім өндіру көлемі артыпты. Үстіміздегі жылдың тоғыз айында шаруалар 6588 тонна ет, 17858 тонна сүт, 564 тонна жүн, 6 миллион 137 мың дана жұмыртқа өндіріп сатыпты. Бүгінгі таңда Шарын өңірінде 75591 ірі қара, 272305 қой-ешкі, 17053 жылқы, 21433 құс қыстатылмақ.Өңірдегі төрт түлікті қыстан қонды шығару үшін фермерлер 116600 тонна шөп дайындап алыпты. Ауданда мемлекеттік «Сыбаға», «Алтын асық», «Құлан» бағдарламаларының көмегімен мал сапасын жақсарту бағытында да қарымды қарекет жасалуда.

Өңір тұрғындарының ауыл шаруашылық өндірісін өрлете бастаған қарымды қарекеттерін осындай нақты көрсеткіштер салмақтайды. «Елде болса ерінге тиеді» демекші, отандастарымыздың байлық-берекесінің еселеп артуына аудан тұрғындары да өз үлестерін нәтижелі істерімен қосуда.

ҚАРЫШТЫ ҚАДАМ, ТАБЫСТЫ НӘТИЖЕ

Экономикамыз жақсарып, ел еңсесі көтерілген сайын кезінде құрдымға кеткен дүниелер қайта қалпына келуде. Соның бірі — ауылдардағы ветеринариялық пункттер. Бұл да мемлекет болашағын ойлаған игілікті іс. Осы тұрғыдан келгенде, аудан орталығындағы ветеринариялық стансасы жұмысын ойдағыдай жүргізіп келеді. Оған білімді де білікті жас маман, іскер азамат Руслан Масенов басшылық жасауда. Кәсіпорынның орталық аппараты мен жер-жердегі пунктінде 220 маман еңбек етеді.



Руслан Масенов

Еліміздің ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылы 30 қаңтардағы №7-1/68 ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларын бекіту туралы бұйрығына сәйкес аудан бойынша биылғы жылдың 1 қыркүйегіне

Алғабас ауылдарында ветпункт құрылысы қолға алынады. Ветсанитарлық объектілері бойынша ауданда ветпункт менгерушілерінің ұйымдастыруымен 48 мал емдеу қамалары жасалды. Ауылдық округтерде мал өлекселерін тастайтын арнайы орын бар. 2011-2013 жылдары Кеген, Нарынқол, Жамбыл, Сүмбе, Қайнар, Қакпак, Жаланаш, Саты ауылдық округтерінде жергілікті бюджет есебінен қаражат қарастырылып, арнайы типте мал қорымдары салынды. 2014 жылы бұл жұмыс одан әрі жалғасып, тағы да 5 ауылдық округте арнайы типте мал қорымы салынып, құжаттары жасалды. Қазір аудан аумағында 25 мал тоғystатын, 21 мал ұрықтандыратын орын жұмыс істейді.

Бір сөзбен айтқанда, Райымбек ауданындағы Руслан Масенов бастаған ветеринариялық пункттердің мамандары ел мен жер үшін қыруар жұмыс жасап келеді. Олардың жұмыстары маусымдық емес. Жылдың барлық мерзімінде үзіліссіз жалғасып жатады. Ең бастысы, төрт түлік малдың әр түрлі жұқпалы аурулардан ала болғаны керек. Сол үшін алдын алу жұмыстары тынбай жүргізіледі. Таулы өлкеде төрт түлік мал аурулардан таза болып, өз төлі есебінен алаңсыз өсіп-өркендеп жатса, онда әр күні еңбекке

— Келешекте егіс көлемін 40 гектарға дейін жеткізбекпіз. Бас-аяғы төрт техника бар. Тұрақты түрде 3 адамды жұмыспен қамтып келеміз. Ал науқан кезінде 30 шақты жалдамалы жұмысшыға ақы төлеп, өнім жинаймыз, — деген Қизат Нұрдымақунұлы мемлекеттен тұқым мен гербицидке субсидия алғанын айтты. Сондай-ақ шаруасын өрге дөңгелету мақсатында «Жеті нар» несиелік серіктестік» ЖШС-дан дала жұмыстарына арнап 3,5 млн теңге қаржы алған. Оны бір жылдың ішінде қайтарып берді. Еңбегі ретті болып жатса, келесі жылы қызылша қазатын техникалық құрал мен тағы бір трактор сатып алуды жөн көріп отыр.

Лабасы ауылдық округі бойынша 300 гектар жерге 74 шаруа қожалығы қант қызылшасын еккен. Жоспар бойынша зауытқа 11 тонна тәтті түбір өткізбекші. Бізді тәнті еткені — егістік алқабындағы қызу тіршілік. Бірі — қант қызылшасын сабағынан ажыратып жатса, бірі — трактормен жүк көлігіне тиеу үстінде. Осындай көрініске күе болысып, іс іргелі болуына тілектестік таныттық.

БАЛҚАШТЫҚ ШАРУАНЫҢ БАҒЫ АСЫП ТҰР

Төрт түлік малдың ішіндегі өнімдісі қой. Сондықтан қой өсіру халқымыздың ежелден келе жатқан ата кәсібінің бірі. Сол кездің өзінде-ақ қазақтың қыстау, көктеу, жайлау, күздеу болып бір-бірімен байланыса беретін көпшелі өмірі қой шаруашылығын дамытуға зор ықпал етті. Оны көбейтіп, тұқымын асылдандыруға да айрықша көңіл бөлінді. Әлі күнге дейін елдің тұрмыс-тіршілігі мен күнкөріс көзі мал шаруашылығымен тікелей байланысты.

Күні кешеге дейін машақаты көп шаруа деп бұған екінші бірінін батылы жете қоймағаны рас. Ал қазіргі жағдай мүлде басқа. Оған үкімет тарапынан көрсетіліп жатқан түрлі қолдау мен көмектердің оң әсері тиюде. Сол себепті мал бағумен айналысушылар саны жыл сайын артып келеді. Балқаш ауданы да төрт түлік мал ұстауға қолайлы аймақтың бірі саналады.

Бүгінде мұндай бай өлкенің мүмкіндігін тиімді пайдаланып отырғандар аз емес. Сондықтан, жергілікті жұртшылық негізінен осы саламен айналысуды қолға алған. Миялы ауылына қарасты «Күнгей» шаруа қожалығы мал бағумен шұғылданатындардың қатарынан табылады. Іргелі істі қожалықтың басшысы Қожакан Рахимов жүргізуде. Ол бүгінде атақесіпті өркендетіп, өрісті малға толтырып отыр. Осының арқасында кіріс көзін молайтып, ауыл шаруашылығының дамуына айтарлықтай үлес қосуда. Елдің гүлденуіне атсалысып келе жатқан азамат талай жылғы тәжірибесінің арқасында саланың қыр-сырын жете менгеріп, пайдасын көріп отыр. Қожалықта негізінен

қой өсіріледі. Шаруашылық жетекшісінің тіршілігін көрсету үшін аталмыш ауылдық округтің әкімі Асқар Мырзахметов бізді мал бағып жатқан жерге әкелді.

Бір үйір қой дала төсінде жайылып жүр. Қожакан аға бізге шаруашылықтың жай-күйі мен алдағы жоспарларын сол жерде айтып берді. Оның сөзіне қарағанда, шаруа қожалығының құрылғанына жиырма жылдан асыпты. Өке-шешесі де мал бағумен айналысқан. Шаруашылықта қазір жеті жүз басқа жуық ұсак мал бағылады. Тұқымы биязы жүнді, құйрықты қой «Дегерес» тұқымы. Еті іргелес жатқан қалаларға сатылымға шығарылады немесе қажет адам өзі келіп алады. «Жасыратыны жоқ, қазір қойдың жүнін өткізу үлкен проблемаға айналып отыр. Осы мәселе оң шешімін тапса, жақсы болар еді. Әр ауданда жүн өткізетін орын ашылса деп армандаймын», — дейді оның ашық жеткізген Қожакан аға. Сондай-ақ оларда қырықтан аса ірі қара, тоқсанға жуық қазақы жылқы бар. Оның басым бөлігі сауын биелер. Қымызы тиісті жерлерге арнайы тапсырыс бойынша

өткізіледі. Сондай-ақ жол бойында орналасқан киіз үйде де саудаланады.

Бұған қоса, екі мың алты жүз гектарды алып жатқан жайылымдық жерден де таршылық көріп отырған жоқ. Малшылары да бар. Олар ауыл тұрғындары. «Десек те, малшылар әлі де жетіспейді», дейді бізбен әңгімесінде кәсіпкер. Сонымен бірге Қожакан аға ісін одан әрі өрістетуді ойлап, тас жолдың жағасынан қызмет көрсететін сервистік нысан ашыпты. Онда әрі-бері өткендер дәмханадан дәм татуға мүмкіндігі бар. Онда тағамның небір түрі әзірленеді. Қажет болса, қауап та пісіріледі. Заман талабына сай жабдықталған ғимарат алыстан менмұдалап тұр. Іші кең әрі жарық. Ішкі-сыртқы әрленуіне де ерекше мән берілген. Рет-ретімен қойылған үстелдер, терезеге ілінген әдемі түсті перделер жоласушылардың шаршағандарын басып, көңілін көтеріп, бірден сергітеді. Әдемі музыка ойнап тұр. Жарасым тапқан мұндай көріністің кез келген адамның жанын жалдырататыны рас.

Шынымен де, жол бойынан орын тепкен жана ғимарат дәл кинодағыдай әсер қалдырды. Осының бәрі кәсіпкердің ізденісін аңартты. Қожалық иесінің мал шаруашылығының дамуына жағдай туғызып, көмек қолын созып отырған Үкіметке деген алғысы шексіз. Шаруашылықты өркендетуде ойға алынған жоба-жоспарлары да аз емес. Төрт түлікке қажет мал азығын да молынан әзірлепті.

Қожакан ағаның екі баласы бар. Қызы қалада. Ұлы Боранбай қолы қалт етсе болды әкесінің шаруасына көмектеседі әрі мал дөрігері болып қызмет атқарады.

Ісапар кезінде қай кәсіпкермен жүздесіп, сөйлессек те өз ісіне деген құлшыныстары аңғарылды. Яғни бұл кәсіпкерліктің шалғай жатқан елді мекендерге де бет бұра бастағанын байқатады. Осыдан-ақ оны дамыту арқылы тәуір табыса қоса, кіріс көзін молайтуға болатынына көз жеткізіп қайттық.

ТҮЙІН

Жетістіктер желісін осылай өргенімізбен, кейбір жақтан жетіспей жатқан жеріміз де қылаң беріп қалып жатыр. Әсіресе, сұйық және қатты отынға деген тапшылық жұрттың кәсібін кеңейтуге кедергі келтірмей қалған жоқ. Десе де, еңбекшіл елдің табанды, шыдамды ұйымдаса, еңбек етуінің нәтижесінде тағы да алға ілгерілеп келе жатқанымызды жасыра алмаймыз. Алдағы уақытта да бұған масаттанбай қолда бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалана отырып, жыл соңына дейін одан да биік көрсеткіштерге жетуіміз керек. Мемлекет жоспардың бәрі орындауы тиіс. Мемлекет басшысы қойған мақсат-міндетті кешенді түрде іске асыруда бастамашы бола білуіміз қажет.

Қажет АНДАС,
Алматы облысы

ДӘСТҮР



Байқау 2009 жылдан бері 9-рет өткізілуде. Сайыстың басты мақсаты — Қазақстандағы көлөнер индустриясының дамуын ынталандыру, дарынды және келешегі бар көлөнер шеберін

«Шебердің жасаған туындысын өзге біреу көшіріп, соған ұқсата отырып жасап шығуы мүмкін. «Бұдан шығудың қандай жолы бар?» – деп, Үндістан елінің көлөнершілер кеңесінің төрайымы Нейрула Маджари ханымнан сұрағанымызда, ол «Ертеңіне тағы да басқа жхмыс, яғни басқа туынды жасауы керек. Бір бұйым екіншіге, яғни бүгінгі жасаған дүниені ертеңгісіне ұқсамауы тиіс» – деп, айтқан болатын. Біздің шеберлер осыны ұран ретінде ұстанып, жхмыс істейді. Әрбір шебердің шабытының қайнар көзі – халықтың дәстүрлі көлөнер туындысы. Оны мұражайдан, музей экспозициясынан алады. Ал шеберлігі жасағанын бүгінгі буын бұрынғы әкелеріміз бен аналарымыздан, әкелеріміз бен аталарымыздан еш кем емес». Бұл туралы Ұлттық мұражайдың басшысы Рысқұл Бекқалиева Қазақстан көлөнершілер байқауының жеңімпазын марапаттау барысында мәлімдеді.



дәртүрлі көлөнер туындыдан көзін сүрінді. Ақтық сынға шыққан қатысушылардың киіз бұйымы, басқұр, дәстүрлі тоқыма, тері, күміс, ағаш, металл және тағы басқа бұйымдардан тұратын шеберлердің жұмысы жайғастырылған. Барлығы дерлік шын мәнісінде жоғары деңгейде, кәсіби түрде жасалыпты. Тамашалап жүрген қонақтар таң қалғанын бүкпасыз жеткізуде. Расымен де қарап тұрып, еліміздің мәдени мұраға бай әрі көркем екеніне тағы көзіңіз жетеді. Оның үстіне осындай құндылығымызды құртпастан, қайта

Мәңгілік мұра



жаңғыртып жүрген жандарға да іштей алғыс айтпау мүмкін емес, сірә.

Бұл «Шебер» жобасы 2006 жылдан бері «Шеврон» корпорациясының бастамасымен және қаржылай қолдауымен жүзеге асырып келе жатқан «Қазақстандағы көлөнер және дәстүрлі кәсіпшілікті жаңғырту» бағдарламасының бір бөлігі. Жобаны Қазақстан Көлөнершілер одағы Our Heritage қоғамдық қоры, Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігімен «Орталық Азияның Еуразия қоры» (ОАЕК) КҚ-мен бірлесе отырып, жүзеге асыруда.

Салтанатты жиынға келген «Шеврон» компаниясының өкілі Лейла Айтмұханова өз еліміздің көлөнер шеберлеріне көңілі толатынын жеткізді. «Жобаны 10 жылдан астам уақыт бойы «Шеврон» компаниясы қолдап келеді. Бұл көлөнерді дамыту жобасы біздің елде 25 жылға жуық жұмыс істеп келе жатқан «Шеврон» компаниясының әлеуметтік инвестицияларының ең қомақтысының бірі. Біз өзімізді шеберлердің экономикалық жағдайын өзгертіп, әлеуметтік дәрежесін көтере алдық деп есептейміз. Сонымен қатар біз елдің мәдени мұрасын сақтауға үлес қостық» — дейді Лейла ханым. Биылғы байқауға қатысуға 90 өтініш келіп түскен. Жұмыс сапасының жоғарлығына орай жоспарланған 20 жұмыстың орнына 36 туынды ақтық сынға өтіпті. Ішіндегі көптеген туынды еліміздің әр аймағындағы жас шеберлердің қолынан шыққан. Атап айтар болсақ,

Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ Редакция алқасы: Елдос ӨМІРЗАҚҰЛЫ Бас редактордың орынбасары Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы Ғалия ҚАЛИЕВА компьютер орталығының жетекшісі	Тілшілер мен қызметкерлер: Салтанат ШЫРЫНХАН — <i>арнаулы тілші</i> Әбдіманап КЕҢЕС — <i>жастар және ғылым</i> Кәмшат ТӨЛЕШОВА — <i>теріміш</i> Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — <i>web-caim</i>	Аймақтағы меншікті тілшілер: Байқал БАЙӘДІЛОВ — Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34) Кажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82) Дүйсенбек АЙБЕКОВ — Жамбыл облысы (8 705 227 45 16) Баян ЖАНҰЗАҚОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05) Айхан БАШТАШ — Осло, Норвегия mahnutba@online.no Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30) Кезекші редактор Салтанат ШЫРЫНХАН	Шығарушы: «Аманат Медиа» ЖШС Директордың орынбасары Мейрамбек ҚҰЛМҰХАМЕДОВ Бас есепші Расима ӘКІМБЕКОВА	Редакцияның мекенжайы: 050004, Алматы қаласы, Абылай хан, 51/53, 6-қабат (М.Мақатаев көшесінің қиылысы) Телефондар: 8(727) 279-04-99; 279-09-19 Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 279-09-23 (жарнама бөлімі) Газет 2004 жылғы 14 желтоқсанда ҚР Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінде тіркеліп, бұқаралық ақпарат құралын есепке қою туралы №5710-Г куәлігі берілген. Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты. Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. Газет Қазақстанның барлық аймақтарында таралады, сондай-ақ «AirAstana», «Turkish Airlines», «QazaqAir» әуекомпанияларының ұшақтарында бар. Газет «Дәуір» ЖШС РПІК (Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі, 17-үй) тел: (727) 273-12-04, 273-12-54 Тапсырыс — №2141; Бағасы келісім бойынша Айлық таралымы — 52 000 дана www.jasqazaq.kz E-mail: jas_qazaq@mail.ru
--	---	--	--	--

АААМАН



Алматыда салауаттылық пен бұқаралық спортты дамыту мақсатында «Спорттық Алматы» бағдарламасы жасалып, оны қала әкімдігі бекітті. Бұл – еліміздегі белгілі бір аймақтың тұңғыш дербес спорттық даму бағдарламасы. Алматының спорттық қала болуға барлық шарт жағдайы, жасалып жатқан жұмысы да жеткілікті.

Алматы қалалық Дене шынықтыру және спорт басқармасының бізге берген мәліметіне сәйкес, жыл басынан бері алып шағарда 2,5 мың спорттық шара өткізіліп, бұл жұмысқа 400 мың адам қамтылған. Атап өтсек, «Алматы туры», «Әлем Барысы», Шымбұлақта өткен «Тау және спорт фестивалі», «Ұлы дала ойындары», футболдан Еуропа чемпионатына іріктеу және УЕФА кубогінің төрттік финалы өткізіліп, жергілікті қаражаттан 1,3 млрд теңге жұмсалған.

Орталық Азияда ең ауқымды бұқаралық спорттық шараның бірі де бірегейі — 20 мың адамның қатысуымен өткен «Алматы марафоны». Сонымен қатар демалыс және мереке күндері қалалық велошеру ұйымдастырылады.

Өткен жылы бұқаралық спортты дамыту және насихаттау мақсатында «Спорттық Алматы» жобасы іске қосылған. Осы жылдың басынан бастап осы бағдарлама аясында бұқаралық және спорттық мың шара ұйымдастырылып, жалпы, оларға 135 мың қала тұрғыны қатысқан. Жылдан-жылға спортпен шұғылданушылар саны өсіп келеді. Мәселен, 2014 жылы олардың саны 26,5% болса, 2016 жылы 29%-ды, яғни жарты миллионнан көп адамды қамтыды.

Жалпы, Алматыда 1450 спорттық нысан халыққа қызмет етеді. «Туған жер» бағдарламасының аясында, Алатау ауданында ашық жеңіл атлетика жаттығу стадионы ашылды. Сондай-ақ «Мамыр»

универсиада тарихындағы ең жоғарғы көрсеткіш болып табылады. Қатысушылардың жалпы саны 2498 адам: 1631 спортшы, 867 ресми тұлға (делегация басшылары, банкерлер, медицина қызметкерлері, БАҚ).

Жалпы, Алматыда 117 спорт түрі дамып келеді. Олардың 38-і жазғы Олимпиада спорт ойыны, 12-і қысқы Олимпиада спорт түрі және 67 — Олимпиадалық емес спорт түрі. Сонымен қатар Алматы құрамасының республикалық кешенді шарала көрсеткен нәтижесін атап өткім келеді. Биыл Алматы командасы IV Жастар ойынында бірінші орынды иеленсе, сондай-ақ 2016 жылы мектеп және колледж оқушылары арасында өткен Спартакиадада жалпыкомандалық есепте жеңіс тұғырынан көрінді.

Алматы және Қазақстан құрама командасының спорттық резервін дайындау үшін 21 мекеме спорт саласында жұмыс істейді. Яғни 16 балалар-жасөспірімдер спорт мектебі және ол жерде он төрт мың спортшы бекітілген. 2 мамандырылған жоғары спорт шеберлігі мектебі. 1 спорттағы дарынды балаларға арналған мамандандырылған мектеп-



Қазақ спортының қарашаңырағы



интернаты. 1 олимпиадалық даярлау орталығы. 1 мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған спорт клубы бар. Олармен 2 364 жаттықтырушы жұмыс істеуде. Бұл мекемелердің тәрбиеленушілер саны 14 267, жаттығу тегін өткізіледі.

Спорттық атакты орындағандар саны — 977, оның ішінде: 1 разряд — 235, спорт шеберлігіне үміткер — 579, спорт шебер — 127, Халықаралық дәрежедегі спорт шебері — 36. Азия чемпионатының жеңіпазы мен жүлдегер саны 147 және Әлем чемпионатының жүлдегер болған санлақ саны — 11.

Жекешелендірудің екінші кезеңінде 8 спорттық клуб жекешелендірілді. Олар — «Алматы» волейбол клубы, «БК Алматы» баскетбол клубы, «Алматы» гандбол клубы, велосипед клубы, «Алматы» хоккей клубы, «Айсұлу» ойелдер хоккей клубы, регби клубы және «Ұлттық спорт түрлері» клубы. Сонымен қатар «Кайрат» футбол клубы жұмыс атқаралы. 150 млн теңге бюджеттік қаражат «Кайрат» балалар футбол академиясының дамуына бөлінді.

Сондай-ақ 2016 жылдан бастап дене шынықтыру және спорт қалалық оқу-жаттығу орталығы жұмыс істейді. Осы орталыққа қарасты, қаланың барлық 8 ауданында балалар мен жасөспірімдерге арналған клубтарды іске қосу жоспарлаа бар. Биыл 2, келер жылы 6 нысан жоспарлануда.

2016 жылдан бері Самұрық-Қазынамен бірлесе отырып, «Алматы байк» жобасы жүзеге асырылды. Жылдың соңына дейін велосипедпен қамтылған бекет саны 200-ден 1730-ға дейін көбейетін болады. Келесі жылы тағы 100 велобекет құрылады. «Тұрғындарға арналған қала» бағдарламасы



аясында өткен айда 21 шақырым (барлығы 63 км) қашықтыққа созылған веложолға салынды.

Жаңадан салынатын велотрек және «Спутник» стадионы МЖК арқылы жүзеге асырылуда. Қазіргі уақытта, коммуналдық кәсіпорын мен мемлекеттік серіктестің міндеттемесін басқарудың инвестициялық шарты анықталды. Жоба тұжырымдамасы мен қаржы-экономикалық модель әзірленді. Сондай-ақ жеке инвестормен жасалған конкурстық құжаттама мен мемлекеттік келісімнің жобасы жасалды. 300 млн теңге велотрекке және 600 млн теңгеден астам қаржы стадионға жұмсалатын болады.

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ